Шеберлік – шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады. Шеберлік дегеніміздің өзі – негізінен алғанда, танымдық идеалды бейнелеуді заттық не бейнелік үлгіде көрсету үшін қажет көркемдікті қолдана білу. Шығармашылық адамзат қызметінің жоғары болмысы бола отырып, жоғары интеллектінің нақты бағытталған сипаты.

Кез-келген көркемдік шығармашылықта көркемдік мұратты басқарудың жоғары деңгейі болып сана, яғни таным болып табылады. Танымның міндеті – көркем мұратты,

оның күрделі құрылымдық мәселелерін шешу үшін қалыптасқан.

Шығармашылық қызмет-ойдың ең негізгі қызметінің бірі. Сондықтан таным шығармашылықта жетекші рөл атқарады деуге болады. Ал XIX-XX ғасырлардағы көптеген стильдік ағымдар, өнердің идеялылығының реалистік талаптарына қарама-қарсы қойылған идеалистік-эстетикалық ағымдардың негізі танымдық мәннен қол үзуге сүйеніп, ғұмыры қысқа болғаны белгілі. Оның өмірден мүлде алшақтауы барып тұрған дарашылық пен субъективизмге апарып соқты. Осы формалистік ағымдардың негізі – «мазмұн» мен «форма» ұғымдарының бөлінуі. Формализм үшін өнердің құндылығы – форма деп түсіндірілді. Шығармашылықтың негізін материалдық бітім ретінде тануға тырысты. Мұндай көзқарас үшін эстетикалық қызметтегі мән, қоғамдық қарым-қатынастар, этика, дін, жалпы танымдық мәселелерге қатыссыз болды.

Стильдің тууы үшін белгілі бір ағымда көркем бітім мен идеялық мазмұн арасында жаңаша қатынас қалыптасқан кезде ғана жүзеге асады. Өзіндік стиль – ол сол эстетикалық талғамға сай өзінше пайдаланып дамыту жүйесі. Сондықтан жеке шығармашылықтағы стиль – ең алдымен, шеберлік мәселесі. Мысалы жазушы сөзбен ғана емес, идеямен, оймен істес болуы қажет. Ал формализм шығарманың пішініне ғана мән беріп, мазмұнды мансұқ ететін ағым. Мұның негізгі принциптері өнердің адамгершіліктен, саясаттан тәуелсіз өмір шындығынан арылған, таза эстетикалық шығармаларды жасау. Сондықтан бұлардың принциптері дағдарысқа ұшырап, ғұмырлары қысқа болды.

Стильдік көптеген атаулардың ішінде «мәдениет стилінің» маңыздылығы, ол стильмен арақатынасты өзінше толықтырып ажырата алады. Бұл терминді алғаш мәдениеттану жүйесіне енгізген О.Шпенглер болды. «Мәдениет стилі» ұғымы мәдениет салаларының көптүрлілігін біріктіре отырып, белгілі бір өзіндік соны құрылым ретінде қарастыру үшін қолданылады.

О.Шпенглер мәдениеттің рәміздік сипатына көп көңіл бөле отырып, мәдениеттің өзін рәміздері арқылы көрсетеді. Шпенглер үшін мәдениет стилі «Мәдениеттің жандық рухани көрнісіне біртұтастық бере отырып, оның сыртқы бейнесінің ерекше бірлігін қалыптастырады да, сол арқылы бір мәдениетті екінші мәдениеттен өзгешелендіреді» [12, Б.69]. Мәдениет стилі барлық стиль мәдениеттерінің «гендік жинағы». Сондықтан, мәдениет стилі, сол мәдениеттің бейнесінің, дәстүрлі құндылықтарының дүниетанымына, өзіндік көркемдік бейнелеудегі мұраттарына, басқа көптеген құндылық қырларынан хабар береді. Сондықтан, жанаша тұжырымдағанда «танымдық өмір салтының көркемдік мұраты» болып шығады.

О.Шпенглер мәдениеттің рәміздің әмбебап жүйе құру мүмкіншілігіне көп көңіл бөлді. Ал, ол рәміздер бізді мәдениеттің негізгі түп-тамырында жатқан мағынаға қарай итермелейді. Рәміздер бастапқы рәмізге (прасимволға) тәуелді. Бастапқы рәміз – бүкіл мәдениеттің құбылыстарын тудырушы негізгі күш. Сондықтан да ол – мәдени көрністердің бәріне тән, бәріне ортақ құбылыс. Бастапқы рәмізді стиль деп те, стилдің негізі деп те атауға болады. Мәдениет рәміздерінің бәрі мәдениет стилін репродукциялау, көшіру болып табылады. Кез-келген мәдениет ұлттың күллі рухани, әлеуметтік, эстетикалық құбылыс ретінде тұтас болмысын осы «танымдық өмір салтының көркемдік мұратын» жоғалтқанда өмір сүруін тоқтатады, ал заманға сай икемделсе өмір сүруін жалғастырады. Дүниені

игерудің, өмір сүру салтының аса маңызды мазмұны да, шын мәнісінде осы эстетикалық мұрат [13, Б.10].

Ол – абсолютті қажеттілік. Танымдық өмір салтының өнердегі көрінісі рәміздер мен таңбалар болып есептеледі. Рәміз бен таңбаның ұлттық өнердегі бастауы, ең алғаш жартастағы суреттерде көрінеді. Басты міндет – ғылыми білім арқылы адам еңбегінің шығармаларынан бастап, таңбалық-рәміздік жүйеге дейінгі мәдениеттің рәміздік үлгілерінің өсу үрдісін ұғыну. Бұл мәдениеттің мағына тудырушы бірлігін және зерттеуіміздің басты принципін құрайды. Ілкі мәдениеттегі көркем-образды белгілердің барлығының қызметі белгіленген. Ең бастысы, бұл белгі-таңбалардың дүниені пайымдаудағы философиялық қыры. Сонымен қатар, заманауи суретшілер өздерінің шығармашылық идеяларын жүзеге асыру үшін ұлттық рәміздерді белсенді пайдаланады [14; 15].

Сондықтан ілкі мәдениеттің таңбалық сана қызметін түсіну үшін жартас суреттеріндегі бейнелеу көріністеріне назар аудару қажет. Бұл суреттердің образды генезисі – көне дәуір рәміздерінің генезисін түсінуге негіз. Рәміз бен стилдің бірлігін дүниетанымдық тұрғыдан қорытындылай отырып мәдениет стилін айқындаушы фактор деген қортындыға келдік.

Мәдениет стилінің ерекшелігі бастапқы мәдени коннотациясын сақтай отырып, өз аясында мәдениет құндылықтары сабақтастығының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуын қамтамасыз етеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

- [1] Очерки истории семиотики в СССР. – М.: Наука, 1976. – 350 с.
- [2] Кассирер Э. Философия символических форм. Введение и постановка проблемы // Культурология XX в. Антология. – М.: Юрист, 1995. – 703 с.
- [3] Пирс Ч. Избранные философские произведения / Пер. с англ. К. Голубович, К. Чухрукидзе, Т. Дмитриева. – М.: Логос, 2000. – 560 с.
- [4] Рассел Б. Человеческое познание: его сферы и границы. – М.: Наука, 1957. – 568 с.
- [5] Лангер С.К. Философия в новом ключе: Исследование символики разума, ритуала искусства / Пер. с англ. С.П. Евтушенко. Общ. ред. и послесл. В.П. Шестакова (Мыслители XX в.). – М.: Республика, 2000. – 456 с.
- [6] Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – М.: Высшая школа, 1989. – 404 с.
- [7] Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Раритет, 2004. – 320 б.

- [8] Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
- [9] Құлсариева А. Мәдениеттер сұхбаты: стильдің-коммуникативтік мүмкіндігі: Автореф... философия ғыл. кандидаты. К. 14 А. 02.01. – Алматы: ЦМУУ, 1997. – 25 б.
- [10] Кекілбай Ә. Кемелділік. – Алматы: Жазушы, 1984. – 272 б.
- [11] Лосев А.Ф. Знак, символ, миф. – М.: МГУ, 1987. – 479 с.
- [12] Шпенглер О. Закат Европы. Т.1. – Пг.: Academia, 1923. – 222 б.
- [13] Беристенов Ж. Қазақтың рәміздік философиясы. Монография. – Алматы, 2011. – 162 б.
- [14] Шайгозова Ж. Сакральное пространство Кокше: метафоризм живописи Дужана Магзумова // Педагогика и психология. – 2016. – №3(28). – С.195-202.
- [15] Кулсариева А.Т., Шайгозова Ж.Н., Султанова М.Э. Феномен коммемарации в практике KAZART XXI века // Педагогика и психология. – 2017. – №1(30). – С.196-206.

#### *References*

- [1] Oчерки истории семиотики в СССР. – М.: Nauka, 1976. – 350 s.
- [2] Kassirer E. Filosofiya simbolicheskikh form. Vvedenie i postanovka problemy // Kul'turologiya XX v. Antologiya. – М.: Yurist, 1995. – 703 s.
- [3] Pirs Ch. Izbrannye filosofskie proizvedeniya / Per. s angl. K.Golubovich, K.CHuhrukidze, T.Dmitrieva. – М.: Logos, 2000. – 560 s.
- [4] Rassel B. Chelovecheskoe poznanie: ego sfery i granicy. – М.: Nauka, 1957. – 568 s.
- [5] Langer S.K. Filosofiya v novom klyuche: Issledovanie simboliki razuma, rituala iskusstva / Per.s angl. S.P. Evtushenko. Obshch. red.iposlesl. V.P.Shestakova (Mysliteli XX v.). – М.: Respublika, 2000. – 456 s.
- [6] Veselovskij A.N. Istoricheskaya poetika. – М.: Vys. shk. 1989. – 404 s.
- [7] Madeni-filosofiyalyk enciklopediyalyk sozdik. – Алматы: Raritet, 2004. – 320 б.
- [8] Filosofiyalyk sozdik. – Алматы: Kazakstan enciklopediyasy, 1996. – 525 б.
- [9] Kulsarieva A. Madenietter suhbaty: stildin-kommunikativtik mumkindigi: Avtoref... filosofiya ғыл. kandidaty. К. 14 А. 02.01. – Алматы: CMUU. 1997. – 25 б.
- [10] Kekilbai A. Kemeldilik. – Алматы: Zhazushy, 1984. – 272 б.
- [11] Losev A.F. Znak, simbol, mif. – М.: MGU, 1987. – 479 s.
- [12] Shpengler O. Zakat Evropy. T.1. – Pg.: Academia, 1923. – 222 б.
- [13] Beristenov Zh. Kazaktyн ramizdik filosofiyasy. Monografiya. – Алматы, 2011. – 162 б.
- [14] Shajgozova Zh. Sakralnoe prostranstvo Kokshe: metaforizm zhivopisi Duzhana Magzumova // Pedagogika i psihologiya. – 2016. – №3(28). – S.195-202.
- [15] Kulsarieva A.T., Shajgozova Zh.N., Sultanova M.E. Fenomen kommemaracii v praktike KAZART XXI veka // Pedagogika i psihologiya. 2017. – №1(30). – S.196-206.

#### **Единство символики и стиля как фактор стиля культуры**

**Б.Е. Оспанов<sup>1</sup>, Ж. Берстен<sup>2</sup>, К.Т. Шукирбаев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

<sup>2</sup>Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова  
(Алматы, Казахстан)

#### *Аннотация*

В статье рассмотрены культурные символы, символизирующие национальное мировоззрение. Символ – одна из категорий, формирование которого происходила на равне с развитием человеческого сознания. Она раскрывает происхождение искусства, его сущность и разновидность форм, связи с коллективным сознанием, исторические закономерности, особенности художественного образа, взаимосвязь между содержанием и формой. Наука же рассматривает символ и стиль явлением, имеющим прямое отношение к культуре. Решение данной проблемы раскрывает возможность дальнейшего их постижения и расшифровки этих понятий, в

анализе прочтении и выработке целостного представления о системе символов и знаков в рамках культуры.

По мнению авторов, уникальность стиля в культуре способна обеспечить непрерывную преемственность нематериальных ценностей от поколения к поколению, сохраняя первичную культурную коннотацию.

*Ключевые слова:* символы, стиль, ценность, семиотика, духовность, форма, жанр, содержание, национальность, искусство, эстетика, культура.

### The unity of symbols and style as a factor that defining style of culture

*B.E.Ospanov<sup>1</sup>, J. Bersten<sup>2</sup>, K.T.Shukyrbekov<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical university named by Abay,*

*<sup>2</sup>Kazakh national academy of arts named by T.Jurgenov*

*(Almaty, Kazakhstan)*

#### *Abstract*

In article considered the cultural symbols symbolizing national worldview and mindset. A symbol – one of categories which formation occurred on an equal basis with development of human consciousness. It discloses origin of art, its essence and other forms, communications of public consciousness, historical regularities, features of an artistic image, interrelation between contents and a form. The science considers a symbol and style as phenomenon having a direct bearing on culture.

According to authors, the uniqueness of style in culture is capable to provide infinity continuity not the material values from generation to generation, keeping primary cultural connotation. The significance of the study is in this.

*Key words:* symbols, style, value, semiotics, spirituality, form, genre, contents, nationality, art, esthetics, culture.

*Редакцияға 09.07.2019 қабылданды.*

*МРНТИ 18.31.09*

*Қ.О. ЖЕДЕЛОВ<sup>1</sup>, О.Т.АБИШЕВА<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

*(Алматы, Қазақстан)*

### **«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АЯСЫНДА КӨРКЕМСУРЕТ ФАКУЛЬТЕТІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

#### *Аңдатпа*

Бұл, мақалада өнер саласындағы жастарға патриоттық тәрбие берудің басты құралдарының бірі – көркемдік өнер түрлерінен берілетін білім, ғылым саласынан ғылыми еңбек жазған ғалымдар, кәсіби суретшілердің жетістіктері қарастырылған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының үкіметі бірқатар жастар тәрбиесіне қатысты құжаттарды қабылдауы: «Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі дамуының стратегиясы», «Білім туралы» заңы, «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», сонымен қатар 2018 жыл 5 қазан айында Қазақстан халқына жолдауында «2019 жыл жастар жылы» болып жариялануы. Осы жарияланымдар негізінде ұлттық көркем мәдениеттің үлгілерін заман талаптарына сай жаңғыртып, жастарға қолдау жасау сонымен қатар жоғарғы оқу орындарына көркемдік өнерден педагог-суретші кадрларды дайындау жүйесіне инновациялық өзгерістер енгізу, ізденістер жасау қажеттілігін тудырғандығы айтылады.

«Рухани жаңғыру» аясында мәдениетіміздің негізі болып табылатын этнопедагогикалық білім беру мен тәрбие берудің басты құралдарының бірі – ұлттық көркемдік өнеріміз, ата-бабаларымыздан келе жатқан

ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан мәдениетіміз туралы жазған, патриоттыққа тәрбиелеген ғалым жазушылар берілген.

Бүгінгі күнге дейін білім, тәрбие, шығармашылықта жетіп отырған жетістіктер, көркемдік өнер түрлері ғасырдан-ғасырға ұрпақпен ұласып жеткен ақыл-ой шеберлігінен шыққан патриоттық сезім екендігі айтылады. Сонымен қатар, жастарды, студенттерді ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан көркемдік өнерімізді, мәдениетімізді келесі ұрпаққа білім, ғылым, шығармашылық бағытында жеткізетін педагог-суретші, ғалым, өнертанушы және көркемдік өнер саласының патриоты болуға шақырады.

*Түйін сөздер:* «патриот», «рухани жаңғыру», «ұлы даланың жеті қыры», «интеллектуалды ұлт», «эстетикалық мәдениет», «эстетикалық қызығушылық», «дәстүр», «мәдени мұра», «мұра», «өнер», «өнертанушы» .

**Кіріспе.** Көркемдік өнердің қоғамда алар орны көп. Қазақстан Республикасы жастардың санасын қалыптастыру бағытында өткізіп келе жатқан кешенді шаралар, «Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі дамуының стратегиясы», «Білім туралы» заңы, «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», сонымен қатар 2018 жыл 5 қазан айында Қазақстан халқына жолдауында «2019 жыл жастар жылы» [1; 2; 3; 4; 5; 6]. болып жарияланған мемлекеттік бағдарламаларды жалғастырудың бірден-бір нысанасы өнер, мәдениет және спорт институты болса, педагог-суретшілер оның субъектісі болмақ. Яғни көркемдік өнерді оқыту арқылы ұлтымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін білгізіп, сұлулығын санасымен түйсіндіріп, заманауи өнер түрлерімен салыстыра отырып, ертеңіне нық сеніммен қарайтын жастарды тәрбиелеу – педагог-суретшілердің негізгі міндеті.

Осы міндетке байланысты жастарды «Рухани жаңғыру» аясында мәдениетіміздің негізі болып табылатын этнопедагогикалық білім беру мен тәрбие берудің басты құралдарының бірі – патриоттыққа тәрбиелеу көкейкесті мәселенің бірі болып табылады.

Жастарға берілетін білім мен тәрбиені заманауи өнер түрлерімен салыстыра отырып көркемдік өнерімізді оқытудағы маңызды факторлардың бірі олардың рухани байлығы мен шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау. Оның өмірге деген көзқарасын, кәсіби шығармашылық қызметін жан-жақты дамыту үшін, жастарға алдыңғы буын тұлғалардың ғылыми және кәсіби шығармашылық еңбектерін дәріптеп

олардың тәжірибелеріне барынша көп зер салуын қажеттендіру.

1928 жылы Алматы қаласында Алаш зияларының бас болуымен ресми түрде қазақ даласында тұңғыш рет жоғары оқу орны «Қазақ мемлекеттік университеті» болып құрылды. Соның негізінде осы ЖОО-нан ұлы дала елінде бірнеше университеттер бөлініп шықты, әрі осы оқу орны өз құрамын одан ары кеңейтіп, 1969 жылы «Көркемсурет» факультеті құрылды. Бұл факультет «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша шығармашылық әрі ғылыми негізде педагог-суретші жоғары білімді мамандар тәрбиеледі.

Қазақстанда тұңғыш рет ашылған «Көркемсурет» факультетінің 50 жылдық тарихы, факультет тарихында болған кафедралар мен олардың педагог-суретші маман даярлаудағы орны мен рөлі, көркемдік өнерден дәріс берген және бүгінгі таңда да ғылым және шығармашылықпен еңбек етіп жүрген ұстаздар, өрісті кеңейткен талантты тұлғалар, деректі хикаяттар факультеттің ресми тарихынан мағұлыматтар беріп, бітірген тұлғалардың шығармашылық жетістіктерінен сыр шертіп патриоттық семін ояту.

Яғни, «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаны қайсы» - деп М.Әуезовтың айтқанындай бұл мақала бір ғана ұжымның немесе білім ордасының өзімен-өзі тұйықталып, шаң басып қалған соқпағы емес, алдыңғы толқын ағаларды кейінгі толқын інілерді жалғайтын ұрпақтар жолын зеттеп жастарды тәрбиелеу керек десек болады.

Мақаланы «Рухани жаңғыру» аясында көркемсурет факультеті тұлғаларының

жетістіктерімен патриоттыққа тәрбиелеудің маңыздылығы деп алуымыздың себебі аға ұрпақтан алып қалған асыл мұра-білім отының тарихын өшірмей сақтап, бүгінгі жастар жүрегіне жалын жаға білген, еліміздің көркемдік өнерін ғылымда, кәсіби шығармашылықта көрсете білген лайықты орны бар, түлектер – Өнер, мәдениет және спорт институтының түп қазығы «Көркемсурет» факультетінің 50 жылдық жылнамасы – өрнектелген өнегелі тағлым, өсер ұрпақ, келер заманға дәстүрлі тәрбие болмақ.

**Негізгі бөлім.** Ұлтымыздың келешегін көркейту үшін 2018 жыл 5 қазан айында Қазақстан халқына жолдауында «2019 жастар жылы» [6] болып жариялануы негізінде ұлттық көркем мәдениеттің үлгілерін заман талаптарына сай жаңғыртып, жастарға қолдау жасау сонымен қатар жоғарғы оқу орындарында көркемдік өнерден педагог-суретші кадрларды дайындау жүйесіне иновациялық өзгерістер енгізу, ізденістер жасау қажеттілігін тудырды.

Бүгінгі таңда аталуы жоғары оқу орындарында заман талабы туындатқан жастардың рухани байлығы ғылым, білім және кәсіби шығармашылықтарын жетілдіретін саланың бірі – көркемдік өнер түрлерінен жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатын алдыға қойып отыр.

Кеңестік дәуір кезінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Өнер, мәдениет және спорт» институтында көркемдік өнерден жоғары білімді маман дайындауға арналып ашылған тұңғыш «Көркемсурет» факультетіне биылғы жылы мерей той, жарты ғасыр. Бұл, жоғарғы оқу орны ғасырлар бойы жинақталған қазақ халқының асыл мұрасы – көркемдік өнерден жастарға «патриоттық тәрбие беру», бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының жалпы орта мектептеріне, училищелері мен техникумдарына, арнайы өнер мектептеріне, жоғарғы оқу орындарына көркемдік білім беретін педагог-суретші маман дайындаудың көкейкесті мәселелерін көтеріп отырған тұңғыш білім ордасы болды.

Кеңестік кезеңде қазақ халқының көркемдік өнері төңірегінде сөз қозғап, оның түрлері мен үлгілерін, көркемдік дәстүрлерін, өкілдері жайында ой өрістетіп, ғылыми құнды пікірлер жазып, жалпы көркемдік өнерін, сәндік қолөнерінің танымдық, әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеген Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, С.Қасиманов, Ә.Тәжімұратовтардың тағы басқа да [7, 8, 9, 10] ғалым жазушылардың еңбектерінен жастарға дәріс беріп патриоттық сезімін оятты.

Қазақ халқының көркемдік және сәндік қолөнер табиғатын жан-жақты этнографиялық тұрғыда қарастыру жылдар өткен сайын жастарға ғылым үшін маңызы зор. Өйткені, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» [5; 13] атты мақаласын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы екендігіне баса көңіл аударсақ қазақтың көркемдік өнерін және сәндік қолөнерін жалпы ұлы даланың жеті қырының ішіндегі негізгі салаларының бірі ретінде қарастыру керектігі өз алдына айтылып тұр. Сонымен қатар, Қазақ халқының ұлттық мәдениеті, оның ішінде көркемдік өнері ұлы даланың жеті қыры мақаласындағы бағалы мұраның бірі екендігін көптеген ғалымдар, жазушылар өз зерттеулерінде және ғылыми мақалаларында келтіреді.

Осы бір жарты ғасыр бойы көркемдік өнерден дәріс беріп, педагог-суретшілер дайындап келген тұңғыш білім ордасының елімізге сіңірген еңбегін, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Такир Оспанұлы Балықбаев, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының ұжымына, осы институттың ірге тасын қалаған 1969 жылы «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша ашылған, тұңғыш жоғары оқу орны «Көркемсурет» факультетін бітіріп шыққан түлектердің ғылыми, кәсіби шығармашылық еңбектерін студенттерге халықаралық ғылыми-тәжірибелік шығармашылық деңгейде жоғары түрде мерекелік жиналыс, мерекелік концерттік бағдарламада өткізуді ұсынды.

Жарты ғасыр уақытта Көркемсурет»

факультетін бітірген түлектердің еңбектерін айтар болсақ, қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған көркемдік өнерін ғылыми негізде зерттеуді «өнер, мәдениет және спорт институты» мамандары соның ішінде, кеңестік кезеңнен «Көркемсурет» факультетінің «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығын бітірген түлектер әлемдік жетістіктерге жеткізді.

Кеңес Одағы кезінде Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты «Көркемсурет» факультетінде «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімі мамандығын бітірген жастардың көркемдік өнер бағытында орындап жатқан ғылыми және кәсіби шығармашылық тұрғысындағы іс-әрекеттері Одақтас Республикаларды, Мәскеуді, соның ішінде Одақтың көптеген ЖОО-ын бей-жай қалтырмады [11; 13].

Кеңес Одағына танымал РБА-ның академиктері, педагогика ғылымдары докторлары, профессорлары (Е.В.Шорохов, С.П.Ломов, В.С.Кузин, Г.В.Беда) «Көркемсурет» факультетінің «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімі мамандығын бітірген жастардың отанға деген патриоттық сезімі мен ғылымға деген бағытын жоғары бағалады. Сонымен қатар, Қазақстанда бейнелеу өнері түрлерінің әдістемесін оқыту саласынан ғылыми зерттеу жұмыстарын қорғауға 80-ші жылдардың басында «Көркемсурет» факультетінің «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімі мамандығын бітірген отандық ғалымдарымыз: Ә.Қамақов, Қ.Ералин, Ж.Балкенов, Л.Медведев, Қ.Әмірғазин, М.Джанаев, С.Аманжолов, Р.Мизанбаев, Н.Г.Назаровалар және тағы басқа да отандастар кандидаттық диссертацияларын қорғаса, 80-ші жылдың аяғы, 90-шы жылдары докторлық диссертацияларын Л.Г.Медведев, Қ.Ералин, Қ.Әмірғазин, Л.Смановтар, 2000-шы жылдары Д.Камешов, С.Аманжолов, Т.К. Мусалимов, Е. Асылханов тағы басқа да ғалымдарымыз өздерінің ғылыми-зерттеу тақырыптарын Ресей ЖОО-да [12; 13] қорғап өздерін қазақ халқының көркемдік өнерін педагогика, әдістемесі саласында паш еткен алғашқы ғалымдары сонымен қатар еліміздің патриоты екендігін көрсете білді.

Бір қатар ғалымдарымыз Еліміз егемендігін алғанан кейін 90-шы жылдан бастап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «филология», «педагогика» ғылымдарының дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңесте өздерінің кандидаттық, докторлық диссертацияларын осы ғылым салаларымен кіріктіре қорғауды бастады. Педагогика ғылымының докторлары, профессор Б.А.Әлмұхамбетов, профессор Л.Б.Ивахнова, профессор Қ.О.Жеделов, профессор М.Ж.Танирбергенов, профессор Н.Исабек және тағы басқа көптеген ғалымдар өз ғылыми тақырыптарын педагогика ғылымы мен байланыстырса ал, философия ғылымының докторы, профессор Б.К.Байжігітов философия ғылымында көркемдік өнердің жетістіктерін көрсете білді. Сонымен қатар 2010 жылдардан бастап алыс-жақын шетелде, Түркия елінде PhD докторы, «өнертанушы» дәрежесін алған О.Т.Абишева, Т.Жүргенов атындағы Өнер Академиясының «PhD докторы», «өнертанушы» дәрежесін алған Е.Қ. Рысымбетовтар т.б., да жас ғалымдарымыз көркемдік өнерді ғылымда дамытуды жалғастырды.

«Көркемсурет» факультеті түлектері «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мамандығының профессор-оқытушылар құрамы жазған ғылыми еңбектерді «педагогика», «филология», «өнертану» ғылымы саласына қосқан ғылыми мұра деп санауға болады.

Еліміз егемендік алғаннан бері «Көркемсурет» факультетінің «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығын бітірген түлектер алыс-жақын шетелдік ғылыми кеңестерде Ресей, Қырғыз, Түркия мемлекетінің Омск, Бишкек, Анкара қалаларындағы және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Т.Жүргенов атындағы Өнер Академиясында «филология», «педагогика», «өнертану» ғылымдарының ғылыми кеңесінде «Бейнелеу өнері және сызу», «Өнертану» мамандығы бойынша «педагогика ғылымының кандидаты», «өнертану ғылымының кандидаты», «PhD доктор», «магистр» және кәсіби суретші шығармашылық

саласынан «Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын», «Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген өнер қайраткері», Платинды бас «Тарлан» тәуелсіз сыйлығының лауреаты, Кескіндеме саласы бойынша жетістіктері үшін «Сальвадор Дали» атындағы халықаралық альянс жүлдесі. (Мадрид-Прага), EUROUNION жоғарғы марапаттауы. Брюссель, Бельгия, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығы, Францияның «Әдебиет және өнер» орденінің кавалері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Россия, Чехия, Қырғызстан Өнер академияларының академигі. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкері, ҚР Мәдениет қайраткері «Дарын» сыйлығының лауреаты, ҚазССР жастар сыйлығының лауреаты, КСРО және Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Дизайнерлер одағының мүшесі, Қолөнершілер одағының мүшесі, сонымен қатар Республикалық «Үздік ұсаз» марапаты, «Алтынсарин» атындағы төс белгі иегерлері, т.б Республикалық және халықаралық марапаттаулар мен конкурс жаңімпаздары атақтарын алып көркемдік өнердің шығармашылық өресін кеңейтуде.

Білімгерлердің оқу нәтижелерін арттыру мақсатында барлық жағдайлар көзделген. Халықаралық және Республикалық білім алмастыру нәтижесінде шетелдегі ЖОО-ы мен тығыз байланыс орнатылып, алыс-жақын шетелдік ғылым, білім және кәсіби шығармашылық саласында жобалар орындалып жатыр.

Ғылым және шығармашылық саласында халымыздың дәстүрлі көркемдік өнерінің үзіліп кетпеуі, бізге жеткен көркемдік өнердегі үлгілердің тысқары қалмауы, елімізде қалыптасқан көркемдік өнерден берілетін білім түрлерінің тұтыныстан шықпауы, халықымыздың патриоттық сезімі мәдениетімізге тереңірек бойлау барысына ден қойып күресу «Мәңгілік ел болу» жолына ұмтылыс [13; 7] деп толықтай айтуға болады.

Көркемдік білім берудің негізгі мақсаты – білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның

белсенді азаматық тұлғасын қалыптастыру.

Қазақ мәдениеттің негізі болып табылатын этнопедагогикалық білім беру мен ұлттық тәрбие берудің басты құралдарының бірі – ұлттық көркемдік өнер екендігі белгілі. Ұлттық көркемдік өнер – ата-бабаларымыздан келе жатқан, ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан мәдениетіміз [14; 7].

Қазақ халқының рухани, мәдени әлемі оның дәстүрлі көркемдік өнерінен көрінеді және тиісті өз орнын алады. Ұлттық көркемдік өнер, халқымыздың ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін өмірде пайдаланылып келген көркемдік өнер түрлері талай ұрпақтың ақыл-ойы мен шеберлігінің жемісі.

Педагог-суретші ғалымның мақсаты, ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан ұлттық көркемдік өнерімізді ұмытпай, келесі ұрпаққа аманат етіп жеткізу арқылы жастардың «Рухани жаңғыруын» жетілдіру, ұлттық мәдениетіміздің өзіндік орнын көрсету және де мүмкіндігінше қазақ елінің жалпы адамзаттық мәдениеттер қатарынан көрсете білу делінген [15; 46]. Осы мақсатқа жету үшін «Өнер, мәдениет және спорт» институтында құрылған «Көркемсурет» факультеті 50 жыл бойы қазақ халқының көркемдік өнерінің түрлері арқылы студенттердің эстетикалық талғамын қалыптастырудың ғылыми теориялық және шығармашылық тәжірибелік тұрғысынан дәріс беріп, өз үлесін қосуда.

«Көркемсурет» факультеті халық ағартуына 50 жылдық еңбегі сіңген, сан мыңдаған білімгерді баулып, қоғамның игілігі мен отанның өркениетіне үлес қосар мамандарды даярлап шығарған оқу орынның тамыры, халқымыздың байрдан қазынаға толы рухани һәм дәстүрлі өнерімізбен ұштасып жатыр. Қазіргі таңда институтта бес кафедра «Көркем білім», «Дизайн», «Музыкалық білім және хореография», «Бастапқы әскери дайындық», «Дене шынықтыру және спорт» сынды және үш магистратура мамандықтары «Бейнелеу өнері және сызу», «Өнертану», «Дене тәрбиесі», бір «Бейнелеу өнері және сызу» «PhD» док-



торы дәрежесі бойынша мамандықтарға білім беріледі.

Білімгердердің оқу нәтижелерін арттыру мақсатында барлық жағдайлар көзделген. Халықаралық және Республикалық білім алмастыру нәтижесінде шетелдегі ЖОО мен тығыз байланыс орнатылып, жоспар орындалып жатыр.

Әр жоғарғы оқу орнының рухани әлемі, ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен көрінетіні мәлім. Сол себепті Қазақстан Республикасының білім беру және тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің негізіне – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне қарасты өнер, мәдениет және спорт институтының түп қазығы «Көркемсурет» факультетін бітірген түлектердің жылдар бойы жинақтаған патриоттық сезімі, уақыт сынынан өтіп, сараланған ұлттық тәлім-тәрбиесінің, ұлттық көркемдік өнерінің бай қазынасы, мол тәжірибесі алынып отырғаны мәлім. Өйткені жастар ұлттық мәдениеті ұрпақтан – ұраққа қалыптасқан дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп дүниеге дұрыс көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық дейді [16].

«Көркемсурет» факультеті кең – байтақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Бұл процес әр кезеңде Қазақстан жерінде жан-жақтан келген көшпелі тайпалар мен халықтардың, сондай – ақ, Оңтүстік – Сібір, Орта Азия мен орыс халқының да мәдениеті әсер етті. Сайып келгенде, жергілікті көне мәдениет сырттан келген мәдениет элементтерінің сән толқынын бойына сіңіріп, үнемі жақсарту, жаңғырту үстінде болды. Осындай толассыз дамудың нәтижесінде «Көркемсурет» факультетінің көркемдік өнері өз дамуында айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді. Революцияға дейінгі көркемдік өнердің дамуына қазақ қауымының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, көшпелі өмір, біртіндеп отырықшылыққа көшу процесі, бұрын үстем болып келген

тұйық шаруашылықтың ыдырай бастауы, көрші елдермен, әсіресе Ресеймен, сауда қатынасының шаруашылық және мәдени байланыстың арта түсуі, тағы да басқа көптеген ішкі – сыртқы факторлардың әсері айтарлықтай ықпал жасалды [17, Б.122].

«Көркемсурет» факультетінің педагог-суретші ПОҚ-ы жастарға, ұлтқа тән өзіндік патриоттық сезімді, дәстүрді, көзқарасты, мәдениетті түстердің аздаған қосындысынан орындалған шығармашылық заттардың жиынтығы арқылы көркемдік өнерден патриоттық көзқарас қалыптастырды [18; 21].

XIX ғасырдың аяғындағы сәндік қолданбалы тоқыма қолөнеріне қанықтырыла берілген негізгі ою-өрнегі қызыл түсті, көк түсті, ақ, жасыл, сары және басқа да түстердің көрністері график-суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері С.Ә.Айтбаевтың кескіндемелік шығармаларында ұлттық салт-дәстүр, сәндік қолөнерінің рухымен іштей үйлесім тапқанын «Бақыт» т.б., да шығармасынан көруге болады.

Сонымен қатар, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты «Көркемсурет» факультетін бітірген педагог-суретші «Дарын» сыйлығының лауреаты, доцент Н.А. Килибаевтың кескіндемелік шығармаларында тоқыма өнеріндегі бір және басқа да түстердің қосындысы (төрттен тоғызға дейін) байқалады, шамасы осы түстердің нышандық мәні, өмірді мәңгіліктендіру мен байланысты болса керек. Өнер, мәдениет және спорт институтының өнертанушылар көзқарасымен *қызыл* – түстің басымды болуы күнді, өмірді, қуанышты бейнелейді; *көк* – судың түсі тұрақтылық пен сенімділікті білдіреді; *сары* – алтынмен бірлікті, байлықты; *қызыл қоңыр тус* – күннің шығуын көрсетеді; *жасыл* – жер ананың құнарлылығы мен байланыстырылады; *ақ* – қасиетті деп есептеледі.

Мысалы, негізгі бояудың түрлі-түсін іріктеу әркімнің өзіне байланысты және тоқымашылар мен кескіндемешілердің колористикалық үйлестірудегі түсінігіне тәуелді болатындығын айтады.

Екінші жағынан педагог-суретші доцент Н.А. Қилыбаев өз елінің патриоты, шығармашылық жұмыстары мен шетелде қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін, көркемдік өнерін дәріптеп отырған бірден-бір тұлға. Нұрланның жазған шығармашылық жұмыстарына деген анықтаманы мына бір ғалым-зерттеушінің сөзі айқындап тұрғандай.

Қазақ халқының көркемдік өнеріне тәнiтi болған зерттеушi В. Чепелевтің: «Қазақ халқы тек ою-өрнек әлемінде өмiр сүретiн секiлдi», – деп айтқан ой-пiкiрi ерiксiз тiлге оралады. Расында да әрбiр бұйымын бояу түстерiмен әшекейлеген сәндiк қолөнерiнiң элементерi расында кескiндеме өнерiндегi шығармашылық жұмыстары қазақтың мәдениетi мен дәстүрiндегi бояу ғұрпын айқындайды [19, Б. 98].

Көркемдiк өнердi ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келе жатқан қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бiр бөлiгi бiлiм ордасы «Өнер, мәдениет және спорт» институтының түлектерi педагог-суретшiлер. Халқымызда жазу болмағанда көркемдiк өнерi болды. Сол көркемдiк өнер арқылы халқымыз өз тыныс-тiршiлiгiн, мәдениетiн, өнерiн, мәдени құндылықтарын, жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттiлiктердi ұрпақтан-ұрпаққа жеткiзiп, дамытып отырды.

Қазiргi заманауи уақытта халқымыздың өркендеп өскен мәдениетiне лайықты кейбiр шығармашылық жұмыстарда композициялық шешiм өздерiнiң бастапқы мәнiн жойып, жаңа мағынада өмiрге қайта оралып отыр.

«Қазақстанның жерi мен адамдары, дала-сы мен қаласы, өткенi мен қазiргiсi, адамға деген сүйiспеншiлiк пен туған жерi үшiн жауапкершiлiк – суретшi жұмыстарының басты тақырыптары болып табылады. Ерболат Төлeпбайдың өзiне ғана тән жұмбақ әлемi, бұл – еуропалық мәдениет пен азиялық құпия жан әлемiнiң кездесуi, еуропалық психологиялық талдаудың нәзiктiгi мен көшпендiлер ұрпақтарының әлемдi сезiнудiң әлеуеттi космизмiнiң таңғажайып қосындысының сипаты» деп дәрiптейдi [20, Б.135].

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетi өнер, мәдениет және спорт институтының профессор-оқытушылар құрамының мақсаты осы киелi өнердi, европа мәдениетiмен бiрiктiре әрi қарай дамыта отырып, көркемдiк өнерiмiздiң ұрпаққа патриоттық тәрбие беру.

**Қорытынды.** Қорыта келе, жастар өздерiн қоршаған ортаны, оның әлеуметтiк және мәдени қатынасын дәрiптеудi, оны мақсатына пайдалана бiлудi және қоғамға, ұрпаққа мұра етiп көркемдiк өнердi қалдырса, ол мұра белгiлi жағдайда үнеми дамуда болады. Мәдениеттiң тұрақты жағы – мәдени дәстүр, соның арқасында тарихтағы адамзаттық тәжiрибеге сүйенiп, оны кемелдендiредi, дамытады.

Қазiргi қоғамның өркениетке ұмтылуы қоршаған ортаны, эстетикалық сұлулықты сақтап қалу, халықтар ынтымағын күшейту, ұлттық мәдениеттi өркендету басты мәселе болып табылады. Осы мақсаттарға нәтижелi қол жеткiзу жеткiншектердiң рухани-адамгешiлiк, эстетикалық тұрғыдан жеткiлiктi деңгейде дамуына, өздерiне ұлттық мұра мен құндылықтарды, халық дәстүрлерiн көркемдiк өнер арқылы жағымды қарым-қатынастарын қалыптастыруға мүмкiндiк туады. Қазақ даласындағы көркемдiк өнердiң қасиетiн, бiлiм қазынасын жырлап кеткен ұлы ақын, философ, ағартушы Абай Құнанбаев ұлттық сәндiк қолөнердiң адам баласына тiкелей тәлiм-тәрбие беретiнiн өлең жолдармен де, қарасөзбен де жырлап, көркемдiк өнер арқылы патриоттыққа тәрбиелеудiң маңыздылығын былай деген: «қазақ ұлтының сәндiк–қолданбалы өнерi – халықтың дарынды да, бiлiмдi де, дана шеберлiгiн және өнерпаз, талғампаз iсмерлiгiн, ұсталығын танытқан» деген нақыл сөзiнде көркемдiк өнер шығармаларының өресiнiң биiктiгiн ғұлама бекер айтпаса керек [21, Б.99].

Қазiргi таңда техника мен ғылым дамыған заманда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетi «Өнер, мәдениет және спорт» институтының профессор-оқытушылар құрамының

күшімен жастарға ғылым, білім және халқымыздың атадан балаға өтетін кәсіби шығармашылық саласында ерекшеліктерімізді маңызды құнды жәдігерлерімізді жоғарғы дәрежеде көрсету арқылы патриоттыққа тәрбиелей білуіміз керек. «Өнер, мәдениет және спорт» институтының педагог-суретшілері халқымыздың атадан балаға өтетін мұрасының көркемдік өнерден берілетін білім түрлерінің тұтынысынан шықпауы, жастарымыздың патриоттық сезіміне, мәдениетімізді тереңірек бойлату барысына ден қойып күресу «Мәңгілік ел болу» жолына ұмтылыс.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Байтұрсынов А. Суретші Хлудов неден қателесті? /Қазақ әдебиеті, 25 қазан. – Алматы, 1991.
2. Әлжанов Ш. Бейнелеу өнерінің сауаттылығы – эстетикалық тәрбиенің негізі /Ауыл мұғалімі журналы. – 1937. – №3. – 60 б.
3. Қастеев Ә. Альбомды құрастырған Барманқұлова Б.К. – Алматы. Өнер. 1986. – 256 б.
4. Жеделов Қ.О. Алдыңғы жақсы, артқы жасқа тәлім айтпаса ел болғаны қайсы /Абай газеті, 5 сәуір. – Алматы: Ұлағат, 2019.
5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру/ Қазақстан халқына жолдауы, 5 қазан. – Астана, 2018.
6. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры /Егемен Қазақстан, 21 қараша. – Астана, 2018.
7. Аманжолов С. Қазақстан бейнелеу өнері және сызу маманын дайындаудың қазіргі жағдайы және перспективасы: Кәсіби білім беру жүйесіндегі мәдени-интеллектуальдық мүмкіндіктері атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2013 – 12-17 бб.
8. Zhedelov K.O. The history of establishment and modern evolution of specialty «fine arts and drawing» //Абай ат. Қаз ҰПУ Хабаршы. Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі сериясы. – 2018. – №1(54).
9. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру /Егемен Қазақстан, 21 сәуір. – Астана, 2017.
10. Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасы /Қазақстан мұғалімі, 13 маусым, №14. – Алматы, 1997.
11. Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері. – Алматы, 1998. – 192 б.
12. Жарықбаев Қ. Әдеп және жантану. – Алматы, 1996. – 224 б.
13. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd, 2005.
14. Нұрпейісова Ә. Қазақ халқының ою-өрнегі. – Алматы: Өнер, 2002. – 135б.

*References*

1. Bajtursynov A. Suretshi Hludov neden katelesti? /Kazak adebieti, 25 kazan. – Almaty, 1991.
2. Alzhanov Sh. Bejneleu oneriniñ sauattylygy – estetikalық tәrbieniñ negizi /Auyl mұғalimi zhurnaly. – 1937. – №3. – 60 b.
3. Kasteev A. Albomdy kurastyrgan Barmankulova B.K. – Almaty. Oner. 1986. – 256 b.
4. Zhedelov K.O. Aldyngy zhaksy, artky zhaska talim ajtpasa el bolgany kajsy /Abaj gazeti, 5 sauir. – Almaty: Ulagat, 2019.
5. Nazarbaev N.A. Kazakstandyktardyn al-aukatynyn osui: tabys pen turmys sapasyn arttyru/ Kazakstan halkyna zholdauy, 5 kazan. – Astana, 2018.
6. Nazarbaev N.A. Uly dalanyñ zheti kyry /Egemen Kazakstan, 21 karasha. – Astana, 2018.
7. Amanzholov S. Kazakstan bejneleu oneri zhane syzu mamanyñ dajyndaudyn kazirgi zhagdajy zhane perspektivasy: Kasibi bilim beru zhujesindegi madeni-intellektualdyk mumkindikteri atty halykaralық gylimi-tazhiribelik konferenciya materialdary. – Almaty, 2013. – 12-17 bb.
8. Zhedelov K.O. The history of establishment and modern evolution of specialty «fine arts and drawing» //Abaj at. Kaz UPU Habarshy. Korkemonerden bilim beru: oner – teoriyasy – adistemesi seriyasy. – 2018. – №1(54).
9. Nazarbaev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru /Egemen Kazakstan, 21 sauir. – Astana, 2017.

10. Kazakstan Respublikasynyn Orta bilimdi damytu tuzhyrymdamasy /Kazakstan mugalimi, 13 mausym, №14. – Almaty, 1997.
11. Bajzhigitov B.K. Bejneleu onerinin filosofiyalyk maseleleri: Kenistik pen uakyt urygagyndagy turakty suret ulgileri. – Almaty, 1998. – 192 b.
12. Zharykbaev K. Adep zhane zhantanu. – Almaty, 1996. – 224 b.
13. Kazak madenieti. Enciklopediyalyk anyktamalyk. – Almaty: Aruna Ltd, 2005.
14. Nurpejisoa A. Kazak halkynyn oyu-ornegi. – Almaty: Oner, 2002. – 135 b.

**Значимость патриотического воспитания и достижений выпускников  
в рамках «модернизация общественного сознания»**

**Қ.О. Жеделов<sup>1</sup>, О.Т. Абишева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)

*Аннотация*

В данной статье рассмотрены основные средства патриотического воспитания молодежи в области искусства – образование по художественным видам искусства, достижения ученых, профессиональных художников, написавших научные труды в области науки.

Кроме того, Правительством Республики Казахстан принято ряд документов, касающихся воспитания молодежи: «стратегия развития Республики Казахстан до 2050 года», закон «Об образовании», «культурное наследие», «Рухани жаңғыру», «семь граней Великой степи», а также 5 октября 2018 года в Послании народу Казахстана «год молодежи 2019 года». На основе этих публикаций отмечается необходимость модернизации образцов национальной художественной культуры в соответствии с современными требованиями, поддержки молодежи, а также внедрения в высшие учебные заведения инновационных изменений в систему подготовки педагогических кадров-художников из художественного искусства, изысканий.

В рамках «Рухани жаңғыру» «одним из главных инструментов этнопедагогического образования и воспитания, являющихся основой нашей культуры, являются национальные художественные искусства, писатели, которые воспитали патриотизм, писали о нашей культуре, сформировавшейся в народном сознании, духе, бытии.

На сегодняшний день в области образования, воспитания, творческих достижений, художественных видов искусства-это патриотическое чувство, происходящее из поколения в поколение. Кроме того, молодежь, студенты призывают молодежь быть патриотами в области художественного искусства, культуры, образования, науки, творчества, образования, науки и искусства.

*Ключевые слова:* эстетическая культура, эстетический интерес, традиция, наследство, наследство, искусство, искусствоведение, патриотизм, духовное возрождение, семь аспектов великой степи, интеллектуальная нация

**The importance of the patriotic education and the  
achievements of graduates in the framework of the «modernization of public consciousness»**

**K.O. Jedelov<sup>1</sup>, O.T. Abisheva<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Abai University (Almaty, Kazakhstan)

*Abstract*

This article describes the main means of Patriotic education of young people in the field of art – education in artistic arts, the achievements of scientists, professional artists who wrote scientific works in the field of science.

In addition, the Government of the Republic of Kazakhstan adopted a number of documents relating to the education of young people: «strategy of development of the Republic of Kazakhstan until 2050», the law «on education», «cultural heritage», «rukhani zhangyru», «seven faces of the great steppe», as well as October 5, 2018 in

the Address to the people of Kazakhstan «year of youth 2019». On the basis of these publications, it is noted the need to modernize the samples of national art culture in accordance with modern requirements, support young people, as well as the introduction of innovative changes in the system of training of teachers-artists from art, research.

In the framework of the «Rouhani Jair» one of the main tools ethnopedagogical education, which is the basis of our culture, are the national of art, writers who brought up patriotism, wrote about our culture, formed in the popular mind, spirit, being.

Today, in the field of education, education, creative achievements, art forms-a Patriotic feeling that comes from generation to generation. In addition, young people, students urge young people to be patriots in the field of art, culture, education, science, creativity, education, science and art

*Key words:* aesthetic culture, aesthetic interest, tradition, heritage, heritage, art, art history, patriotism, spiritual rebirth, seven aspects of the great steppe, intellectual nation

*Редакцияға 20.03.2019 қабылданды.*

*MP HTI 18. 41.45*

*T.Y. YEGINBAYEVA<sup>1</sup>, G.S., MUSTAKHIM<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)*

## **NEW GENRES AND DIRECTIONS OF KOBYZ MUSIC**

### *Abstract*

This article discusses the current state of music for the ancient Kazakh instrument – kobyz. Considering the rich history of development and rich traditions of kobyz, many contemporary composers, introduce kobyz into many European genres in a combination of different compositions: works for choir, individual performers, organ, Kazakh and symphony orchestras, therefore giving the ancient instrument a new life. Among them are historical themes, the theme of independence, and the revival of the works of the famous kuishi (composer), the ancient Kobyzshy (kobyz player) Tlep Aspantaiuly. The article provides information about Sapar Iskakov, a prominent philanthropist, patron who has done a lot of work to promote and develop Kobyz music.

*Keywords:* history, people, music, kobyz, kylkobyz, genre

«The Kazakh folk music will turn into professional big art over time, in it the rich foundation which waits only for the day of revival and blossoming in all genres is laid», – the Russian travelers, ethnographers, geographers, etc. wrote in the articles and traveling notes about the Kazakh music [1, P.18; 2-8].

The present stage of kobyz art is characterized by new lines and properties. For the first time, in the history of kobyz art large-scale works for a kobyz – solo with various structures – chorus, soloists, organ, national, string and symphonic orchestras were written. Most of them are written by modern composers who do not have the skills to play this instrument.

Earlier it was not peculiar for kobyz tradition, but today it is really feasible and, moreover, these compositions do not lose the uniqueness and already held a firm place in hierarchy of the modern kobyz art [9-12].

Especially it should be noted works for kobyz by Yermurat Usenov, Serikzhan Abdinurov, Alkuat Kazakbayev, Serik Erkimbekov, Balnur Kydyrbek, Dmitry Ostankovich. In them we trace development of a genre from traditional kyues to more large-scale cloths. In the majority of compositions of the modern period we observe innovative approach of composers. Kobyz already sounds not only as a part of national ensembles and orchestras as it was

during the Soviet period, now they (composers) actively introduce it in the compositions as the soloist instrument in the structure of chamber and symphonic orchestras and choruses [13-14].

The works of Alkuat Kazakbayev of this period are – «*Kobyz Saryny*» – the duet for two kobyz, «*Shabyt*» – solo for a kobyz and the Kazakh orchestra; «*Zhappas kobyz dombyra*», «*Tattimbettin saryny*», «*Zhuregim menin*», «*Alyz kyz*», «*Kurmangazy tokpe*» – solo for a kobyz and a piano. In the subsequent almost for all these works orchestral maintenance (orchestra of the Kazakh national instruments) was written.

By Yermurat Usenov was written solo for a kobyz and symphonic orchestra «*Omir dastan*», by the request of Raushan Musakhodzhayeva. Later the version of this work accompanied by the Kazakh national orchestra was written. By request of the patron Sapar Iskakov E. Usenov created the poem «*Gasyrlar tolgauy*» for symphonic orchestra, chorus and a kobyz, devoted to a kobyzist Tlep Aspantayuly. The premiere was held on May 26, 2005 in the hall of the Congress hall of Astana. Alkuat Kazakbayev acted as the soloist, the conductor Askar Buribayev. In 2011 kuy «*Tauyelsizdik tolgauy*», dated for the celebration of the 20 anniversary of independence of the Republic of Kazakhstan which was for the first time executed by contestants at the Republican competition of Tattimbet in Karaganda was written by him.

The symphonic picture of Serik Erkimbekov «*Minaret*» was painted for organ, a kyl-kobyz and symphonic orchestra. Raushan Musakhodzhayeva was the first performer on a kobyz.

By her order in 1997 by Balnur Kydyrbek it was written solo for a kobyz, a violin and chamber orchestra «*Gasyrlar undesuy*». This composition is deep and philosophical character. It was executed on «*Days of the Kazakh music*» in Kazan performed by orchestra La Prima vera under the leadership of the people's artist of Tatarstan, the winner of the State award of the Republic of Tatarstan of G.Tuqay of the conductor Rustem Abyazov [14].

Dmitry Ostankovich composed «*A choral of memory of the victims of Beslan*» for two kobyz. He wrote it under an impression of the tragic events which took place in September, 2004 in Beslan.

Especially it should be noted works for Serikzhan Abdinurov's kobyz. Once, being a student he wrote the first kuy for a kobyz «*Duniye-ay*» which for the first time sounded on December 17, 1987 in the Cathedral of Almaty at the concert devoted to anniversary of December events of 1986. And kuy Turan composed by S. Abdinurov in 1998, under an impression of visit of the mausoleum of Hodge Ahmed Yassau.

Kuy «*Koylybay*» and «*Tanbaly tas*» is a result of a trip of the composer together with A. Kazakbayev to the holy sites which are historically connected with a name of a known baksy (voodoo) of Koylybay. They visited then the place of its burial. Kuy «*Tanbaly tas*» the author composed under an impression of the stories heard by it from locals: «... this place where Kazakhs and Zunghars battled, blood flowed like water, because stones lying red color here...». This story and real presence of S. Abdinurov in that historical place, excited the composer and became an inspiration source for the composition of the aforesaid kuy.

«*Tlep dastan*» – is the poem for a kyl kobyz and string band, was finished by the composer in June, 2005 and devoted to the legendary personality – to Tlep. «*Tlep Tolgauy*» is written for a kyl-kobyz with chorus. The premiere was held in 2005 on the stage of Opera Theater performed by the quartet of kobyzist Tlep and choir of Opera Theater under control of Yerzhan Dautov.

In September, 2005 in the organ hall of the Kazakh National academy of music the significant event – a premiere of the poem «*Tlep-abyz*» of S. Abdinurov, for a kyl-kobyz and organ, called in honor of the kobyzist Tlep Aspantayuly took place. The idea of creation of such duet belonged to the patron S. Iskakov and as the composer speaks, he long thought before agreeing to writing of such work as it was necessary to find a starting point in a combination of these versatile instruments.

The choice of these instruments by Sapar Iskakov for the duet as to us it is thought, is not accidental. It would seem, tools of two different traditions and cultures – western and east. Whether will justify such ensemble of expectation of the composer, the performer, the listener and the customer? How harmonious will be the duet of the ancient Asian tool with ancient European? But their accord, probably, was predetermined by history of these instruments. Binding thread can be tracked in community of their initial purpose, in cult origin. It is known that in the western countries the organ first of all was used on church services as the instrument accompanying church choir for execution of solo organ works and improvisation. From this it follows that functions of this instrument, as well as at a kobyz had initially ritual character. But success of this work, first of all, in wealth exclusive of the timbre opportunities of both instruments and in their skillful application by the composer.

In 2006 by S. Abdinurov was written solo for a kyl-kobyz accompanied by symphonic orchestra – a concert of Balbal. Its premiere took place in Astana, in the hall of the Congress hall performed by symphonic orchestra of the State philharmonic hall of Astana under control of the conductor Aydar Abzhakhanov. This work was specially written and dated for 250 anniversary Tlep Aspantayula's baksy (1757-1820) and Koylybay baksy – to Tlep Aspantayuly's teacher, by request of the patron Sapar Iskakovich Iskakov. Alkuat Kazakbayev was the first performer of a concert. «*Kazak eli*» – dastan for a kobyz, a baritone, a soprano, chorus and symphonic orchestra it was composed by the composer in 2011 and dated for the 20 anniversary of independence of the Republic of Kazakhstan. Solo on a kobyz was executed by a kobyzist Zarina Makanova [15].

Thus, in present period borders of self-expression and interaction of the original instrument with other traditions and cultures extend. And, moreover, such unusual combinations force to look in a new way, it would seem already on instruments known to us. In ensembles of this sort they are embodied in a new image.

Modern kobyz works allows us to tell the short review about one of the phenomena which had a significant impact on modern development of kobyz art - about patronage. In this regard it would be desirable to note about activity of the uncommon identity of the present – Sapar Iskakovich Iskakov who became the inspirer of many creative phenomena occurring in the modern kobyz art.

Sapar Iskakov is a lineal descendant of the famous composer – Tlep Aspantayuly kobyzist in the fifth generation. Existence of such family tree, certainly, obliges to be not less outstanding personality. Having created Tlep charity foundation, the patron and the philanthropist S. Iskakov purposefully and selectively sponsors various projects and actions not only in the field of culture and high art. He is a winner of the national festival competition «*Altyn Adam*» (Golden Man) he was awarded ranks «*The Person of 2005 Year*» for a contribution to support of national culture.

Sapar Iskakov takes great pain to support creative persons, collectives, various creative projects, release of compact disks and video clips. Sponsors composers in their creativity, in particular – the musical drama «*Tlep and Sarykyz*» (the composer K. Shildebayev, the director B. Atabayev); the ballet «*Tlep and Sarykyz*» according to the poem Nesipbek Aytuly of the same name on music of the composer Almas Serkebayev; rock opera «*Zheruyk*» composer Tolegen Mukhamedzhanov; the poem for a kyl-kobyz with otgan «*Tlep abyz*», «*Tlep dastan*» – for a kyl-kobyz and string band, «*Tlep tolgau*» – for a kyl-kobyz with chorus, Balbal – for a kyl-kobyz with symphonic orchestra, «*Kazak eli*» – dastan for a kyl-kobyz, a baritone, a soprano, chorus and symphonic orchestra of S. Abdinurov; the poem «*Gasyrlar tolgauy*» performed by symphonic orchestra, chorus and E. Usenov's kyl-kobyz.

In the London «Royal Albert Hall», one of the largest concert halls of Europe, the world premiere of the new work of the modern British classical composer Karl Jenkins of «*Tlep*» created by him by request of the patron Sapar Iskakov and devoted to creativity of his ancestor

– kobyzist Tlep Aspantayuly was held on April 17, 2006.

The large-scale composition Tlep is written on the basis of the Kazakh folklore for symphonic orchestra, chorus and national tools, lasting sounding of 55 minutes. Sapar Iskakov sponsored release of a compact disk of this composition at Sony BMG studio. Also, he is a sponsor of many scientific expeditions across Kazakhstan, the Middle East, Cyprus, Mongolia, North Africa and Europe, the clubman of Kultegin. Supports the archaeological works which are carried out by scientific research institute of archeology of K.Akisev near Astana (the ancient settlement Buzuk).

He was an ideological inspirer of creation of ensemble of the national instruments «Tlep», under the leadership of professor of Kazakh National University of Arts R.K. Musakhodzhayeva and the quartet of kobyzist Tlep, under the leadership of A.D. Kazakbayev. Sponsored quartet trips to Russia, Australia, England, Germany, Spain, Japan, release of the video clip and audio of a compact disk (CD).

He is a general sponsor of the international competition of the Kazakh Astana song, the founder of annual prizes of Tlep on eight nominations of the international competition «Shabyt», two prizes for the best execution of works of composers of the Republic of Kazakhstan at the international competition of

violinists in Uralsk, two prizes at a competition of vocalists of K. Bayseitova, a prize on a Republican aytys of akyns, eight prizes at a competition of Kurmangazy. He has author's rights on Tlep's kyu «Baksy», «Allah zhar» (Allah will help), Tolgau from which kuy Baksy entered into the Republic of Kazakhstan gold fund and its execution is included into the obligatory program of the International and Republican competitions.

He created public fund of a name «Al-Farabi and Sultan Beybars» for the organization of repair and recovery, restoration works of the mausoleum and a memorial complex Al-Farabi (Damascus), the mosques Az-zakhir of the Sultan Beybars (Cairo) and his mausoleum with madrasah and library (Damascus) [15, P.52-60].

It is yet not the full list of the charity events which are carried out by the patron Sapar Iskakov. But the most important that we wanted to note is the outstanding contribution made by activity of this extraordinary personality to development of modern musical culture of the country, in particular, of kobyz art.

Thus, the Kazakh kobyz art at the present stage endures not only revival, but also blossoming in all genres. It is promoted by the cultural policy of the state, works of modern composers and, of course, interest of patrons, in support of this art form.

*Список использованной литературы:*

- [1] Жубанов А. Струны столетий. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 280 с.
- [2] Сарыбаев Б. Казахские музыкальные инструменты. – Алма-Ата, 1978.
- [3] Күй қайнары /А. Райымбергенов, С. Аманова. – Алматы: Өнер, 1990. – 288 б.
- [4] Кыргызбаев О. Кобызист Жаппас Каламбаев: Документальная история. – Алматы: Арна-б, 2009. – 240 с.
- [5] Омарова Г. Кобызова традиция. Вопросы изучения казахской традиционной музыки: Монография. – Алматы, 2009. – 520 с.
- [6] Коркыт Ата. Энциклопедиялық жинақ /Бас редактор Э. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.
- [7] Куспанова Р. Кобыз Икласа: Учебник. – Алматы: Казахская академия образования имени И.Алтынсарина., 1999. – 80 с.
- [8] Уразалиева-Шильдебаева Ф. Ғасырлармен үндескен кобыз. – Астана: Елорда, 2006. – 136 б. + 0,75 жапсырма.
- [9] Смакова З.Н., Рахимжан А.А. О легендарных исполнителях на древнем казахском инструменте кобыз / Педагогика и психология. – 2017. – №3(32). – С.197-200.
- [10] Смакова З.Н., Жексембаева Ш.С. Историческая роль А.К.Жубанова в создании разновидностей кобызы / Педагогика и психология. – 2016. –№4 (29). – С. 204-209.



- [11] Карсакбаева А.А., Джуманиязова Р.К. Проблема нотировки музыки для кыл к обыза в рамках развития традиций и обычаев /Педагогика и психология. – 2018. – №4(37). – С.162-169.
- [12] Джуманиязова Р.К., Мылтыкбаева М.Ш. Эстетические аспекты феномена казахской традиционной музыки (к проблеме анализа музыкальных произведений)/ Педагогика и психология. – 2017. – №4(33). – С.180-188.
- [13] Музыкальное искусство: наука и образование. Коллекция научных статей. – Астана: КазНМА, 2004. – 303 с.
- [14] В родной университет – наш талант (выпускники-композиторы): Сборник статей посвящен 60-летию Казахской национальной консерватории им. Курмангазы. – Алматы, 2005. – 496 с.
- [15] Очарованный странник /Искаков С.И., Абылаев С.А. – Астана, 2006. – 268 с.

#### *References*

- [1] Zhubanov A. Struny stoletij. – Almaty: Dajk-Press, 2001. – 280 s.
- [2] Sarybaev B. Kazahskie muzykal'nye instrumenty. – Alma-Ata, 1978.
- [3] Күј кайнары /А. Рајымбергенов, С. Аманова. – Алматы: Өнер, 1990. – 288 б.
- [4] Кыргызбаев О. Кобызист ЗНappas Каламбаев: Документал'ная историya. – Алматы: Арна-б, 2009. – 240 с.
- [5] Omarova G. Kobyzovaya tradiciya. Voprosy izucheniya kazahskoj tradicionnoj muzyki: Monografiya. – Almaty, 2009. – 520 s.
- [6] Korkyt Ata. Enciklopediyalyk zhinak: /Bas redaktor E. Nysanbaev. – Almaty: Kazak enciklopedisy, 1999.
- [7] Kuspanova R. Kobyz Iklasa: Uchebnik. – Almaty. Kazahskaya akademiya obrazovaniya imeni I.Altynsarina., 1999. – 80 s.
- [8] Urazalieva-SHil'debaeva F. Fasyrlarmen yndesken kobyz. – Astana: Elorda, 2006. – 136 bet + 0,75 zhapsyrma.
- [9] Smakova Z.N., Rahimzhan A.A. O legendarnyh ispolnitelyah na drevnem kazahskom instrumente kobyz. – Pedagogika i psihologiya. – 2017. – №3(32). – S.197-200.
- [10] Smakova Z.N., ZHeksembaeva SH.S. Istoricheskaya rol' A.K.ZHubanova v sozdaniy raznovidnostej kobyz. – Pedagogika i psihologiya. – 2016. – №4 (29). – S. 204-209.
- [11] Karsakbaeva A.A., Dzhumaniazova R.K. Problema notirovki muzyki dlya kyl k obyza v ramkah razvtiya tradicij i obychaev. – Pedagogika i psihologiya. – 2018. – №4(37). – S.162-169.
- [12] Dzhumaniazova R.K., Myltykbaeva M.SH. Esteticheskie aspekty fenomena kazahskoj tradicionnoj muzyki (k probleme analizy muzykalnyh proizvedenij)/ Pedagogika i psihologiya. – 2017. – №4(33). – S.180-188.
- [13] Muzykal'noe iskusstvo: nauka i obrazovanie. Kolleksiya nauchnyh statei. – Astana:KazNMA, 004. – 303 s.
- [14] V rodnoj universitet – nash talant (vypuskniki-kompozitory): Sbornik statej posvyashchen 60-letiyu Kazahskoj nacional'noj konservatorii im. Kurmangazy. – Almaty, 2005. – 496 s.
- [15] Ocharovannyj strannik /Iskakov S.I., Abylaev S.A. – Astana, 2006. – 268 s.

#### **Қобыз музыкасының бағыттары мен жаңа жанрлары**

***Т.Ж. Егінбаева<sup>1</sup>, Г.С. Мұстахим<sup>1</sup>***

*<sup>1</sup>Қазақ ұлттық өнер университеті  
(Астана, Қазақстан)*

#### *Аңдатпа*

Бұл мақалада қазақтың көне аспабы қобызға арналған музыканың қазіргі таңдағы жағдайы қарастырылған. Көптеген замандас композиторлар, олардың ішінде Серік Әбдинуров, Ақтоты Райымқұлова, Балнұр Қыдырбек, Әлқуат Қазақбаев, Ермұрат Үсеновтердің негізі бай, ұлан тарихты қобыз аспабымызды қайта жаңғыртып, көптеген еуропалық жанрларда – хор, жеке орындаушы, орган, қазақ және симфониялық оркестрлерге арналған шығармалармен ұштастырып, жаңа өмір беруде. Солардың ішінде тарихи тақырып, белгілі күйшілердің бейнесі мен шығармаларын жандандыру, тәуелсіздік тақырыбы, толғаулар, қобызшы Тілеп Аспантайұлына арналған туындыларды атап өтуге болады. Классикалық қобыз музыкасының, бүгінгі таңда классикалық еуропалық дәстүр канонымен туындаған қобыз шығармаларын біз әлбетте академиялық музыка

жанрына жатқызамыз және жоғарыда аталған кәсіби композиторлар, орындаушылар мен ұжымдар осы бағытта еңбек етеді. Мақалада кобыз музыкасының даму жолына ерекше еңбек сіңірген меценат Сапар Ысқақов туралы деректер берілген.

*Түйін сөздер:* тарих, адамдар, музыка, кобыз, кылкобыз, жанр

### Новые жанры и направления кобызовой музыки

**Т.Ж. Егинбаева<sup>1</sup>, Г.С. Мустахим<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Казахский национальный университет искусств  
(Астана, Казахстан)

#### Аннотация

В данной статье рассматривается современное состояние музыки для древнего казахского инструмента – кобызы. Многие современные композиторы, в их числе Серик Абдинуров, Актоты Раимкулова, Балнур Кыдырбек, Алькуат Казакбаев, Ермурат Усенов, учитывая гигантскую его историю развития и богатые традиции, вводят кобызу во многие европейские жанры в сочетании различных составов: произведения для хора, отдельных исполнителей, органа, казахского и симфонического оркестров и дают древнему инструменту новую жизнь. Среди них исторические темы, тема независимости, возрождение произведений знаменитых кюйши, кобызшы Тлепа Аспаптайулы. Кобызовую музыку, которая рождается по всем канонам классической кобызовой и сегодня уже классической европейской традиции мы, безусловно, относим к жанру академической музыки. В этом направлении творят вышеназванные профессиональные композиторы, исполнители и коллективы. В статье приводятся сведения о Сапаре Исқақове, видном меценате, покровителе, проделавшем большую работу по пропаганде и развитию кобызовой музыки.

*Ключевые слова:* история, люди, музыка, кобыз, кылкобыз, жанр.

Поступила в редакцию 25.07.2019

FTAMI 18.41.09

**Л.Ш. АРИПБАЕВА<sup>1</sup>, Р.К. ЖАНАБАЕВА<sup>1</sup>, Г.А. ЖАЙЛЫМЫСОВА<sup>1</sup>,  
Ш.Д. ӘСЕМБАЕВА<sup>1</sup>**

*aripbaeval70@mail.ru, pima69@mail.ru, gailumusova@mail.ru, asem78@mail.ru*

<sup>1</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті  
(Шымкент, Қазақстан)

### ҰЛЫ ДАЛА ХАЛҚЫНЫҢ КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ МҰРАЖАЙДА САҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫ

#### Аңдатпа

Бұл мақалада көне ұлттық музыкалық аспаптарды зерттеу, жинау, топтарға бөлу, өңдеу, қайта жасау ісінің таза танымдық тұрғымен бірге практикалық маңызы зор екендігі айтылған. Музыкалық аспаптарды мұқият зерттеу, мұражайда сақтау анағұрлым жетілдірілген жаңа аспаптар жасауға көмек береді, ал мұндай аспаптарға әсіресе біздің солистер, ұжымдармен көркемөнерпаздар үйірмелердің сұранысына ие, ұмыт болған аспаптарды жетілдіре түсу жұмыстарын және ол аспаптарда ойнаудың өзіндік ерекшеліктерін барған сайын шындай түсу, мектебін қалыптастыру сияқты келелі мәселелер аясында қарастырылды. Бұл мәселелерді ғылыми арнаға қойып зерттеу үшін өз халқымыздың көне дәуірлердегі тарихын жетік білу қажеттігі алға тартылған. Орта ғасыр ғұламаларының музыка теориясына қатысты трактаттарын, ондағы ұлттық музыкамыздың көне дәуіріндегі деректерді оқып игеру мәселесі айтылып отыр. Қысқаша еңбектің мақсаты студенттерді жалпы

және музыкалық мәдениетке тәрбиелеу мақсатында дәстүрлі халық аспаптары мәдениеті қызметінің жалпы көрінісін жасау болып табылады. Мақала педагогикалық жоғары оқу орындарының жанындағы музыкалық білім беру факультеттерінің студенттеріне арналған.

*Түйін сөздер:* музыкалық аспап; зерттеу; этнография; күй; мұражай; дыбыс.

**Кіріспе** Тәуелсіз Қазақстан Республикасы жастарға тәрбие және білім беру, олардың қоғамдық әлеуметтік-мәдени процеске атсалысуы елдің мәдени мұраларымен танысуына баса назар аударады. Жалпы эстетикалық тәрбие мен білімнің бір жолы болып табылатын халық талантының нәтижесінде дүниеге келген мәдени құндылықтарды бағалау олардың қалыптасу жолын оқып үйренумен іске асырылады.

Әлемдік мәдениетке атсалысу үшін халықтық музыкалық мұраның қызметімен қалыптасу механизмін, тарихи кезеңдері мен әлеуметтік-экономикалық жағдайда даму ерекшеліктерін терең танып білу шарт. Халық мұрасы арқылы жастардың жалпы музыкалық және эстетикалық білім берудің кемшін тұстарын толықтыратыны сөзсіз. Ол халық шығармашылығының ерекшелігі мен даму, қалыптасу заңдылықтарын халықтық музыкалық аспаптармен тығыз байланыста қарастыра отырып, жүйелі білім беруге негізделген. Сол үшін тәрбиелік, мәдени-эстетикалық және рухани деңгейді жинақтаған дәстүрлі халық мәдениетінің негізгі салаларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы саяси, экономикалық және мәдени сахнада зор құрметке ие болып, Еуропа мен Азия құрлықтарында өзіндік геосаяси мәні бар мемлекет ретінде танылып отыр. Қазақстан көп ұлтты болғандықтан ұлттық мәдениеттің дамуына белсенді қолдау көрсетеді.

Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен танысу, ғылыми зерттелу жолдары нәтижесінде ұлттық музыкалық мәдениеттің, ұлттық рухани мұраның жалғастығының жеке қарым-қатынастарды қалыптастырудың, жастардың музыкалық талғамы мен тыңдаушылық тәжірибесінің дамуының негізін қалыптастырады. Мақаланың мақсаты жастарды жалпы және музыкалық мәдениетке тәрбиелеу, халық аспаптары мәдениеті қызметінің жалпы көрінісін жасау.

**Негізгі бөлім.** Адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынының ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрмеген. Тарих тылсымына тереңдей бойлап, халық зердесіне байыпты үңілсек, ұрпақ тәрбиесі қазақ халқының да ең толғақты мәселесі болып келгені мәлім. Сондықтан да, аға буын келер ұрпағын өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны жинақтап пайдалана отырып, шынайы адамгершілік қасиеттерге баулып тәрбиелеуді мақсат еткен [13; 20]. Қазіргі таңда мектеп оқушыларына қазақи ұлттық өнерімізді, әсіресе, музыкалық өнерімізді танытудың өте қажеттігі бар. Балаларды қазақтың аспаптық музыкасына қызықтырып, мәдениетті азамат тәрбиелеу көзделген. Осы бағытта жұмыстардың жүргізілгенін, яғни біраз еңбектерін барлығын, олардың тәрбиелік мәнінің зор екендігі ескерген жөн. Халқымыздың музыкалық аспаптарының шығу тарихы ұлығұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің зерттеу-жазбаларынан бастауға болады. Әбу Насыр Мұхаммед Әл-Фараби (870-950) – түрік әлемінің ірі оқымыстысы, Сырдария өзенінің жағасындағы Фараб қаласында туылған. Орта ғасырдағы ғылым мен мәдениеттің орталығы әрі Араб Халифатының астанасы – Бағдад қаласында білім алды.

Әл-Фараби ғылымының көптеген салаларына еңбек сіңірді. Кейбір жазбалар бойынша Әл-Фараби 70-ке тарта тіл біліп, көптеген музыкалық аспаптарда ойнаған ғылымның әр саласын қамтыған 160 трактаттың авторы. Музыка мәдениеті үшін аса маңыздысы – «музыкалық үлкен кітабы». Мұнда Әл-фараби музыкалық эстетика мен музыка теориясының әрқилы мәселелерін қозғайды, өнердің және музыканың адам өміріндегі орны жайлы толғанады, сонымен қатар әуен құрылысын зерттеген өз жобасын ұсынады, онда дыбыстың жанрға, түрге, текке бөлу мәселесі қаралған, ең маңыздысы

онда сол заманда қолданылған көптеген халықтың музыкалық аспаптарын сипаттап жазады. Олар; бубна, шахруд, лютня, танбур, флейта, рабаб, цитра және түрік халықтарының жеті ішекті арфасы. Уақыт өткен сайын аспаптардың құрылысы, материалы, дыбыстары өзгеріп отырды. Аспаптарды зерттеп, оның сақталуына үлкен еңбек сіңірген ғалымдардың есімдерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қазіргі жастардың еншісінде. Ұлттық аспаптарды географиялық экспедициялық саяхат құрамында болған Ш.Уалиханов терең зерттеген кейінірек академик А.Жұбанов болды. А.Жұбанов негізін қалаған халықтың аспаптық мәдениетін зерттеу бағытындағы негізгі мәселерді жалғастыра әрі дамыта отырып, Қазақстандық музыкатанушылар оргонология туралы ғылымның деңгейін әлемдік замануи көзқарастарға теңестіре терең зерделеді. Бұрынан қалыптасып келе жатқан тарихи мәдениет танушылық санаға сүйене отырып, ғылымдарымыз өте нәзік деген салаларға батыл кірісті. Жанрлық типология, халықтық ладтардың теориясы, домбыра күйлерінің ауыспалы метроритмі, кульминация құрылымының заңдылықтары, әуендік түбірін зерттеу, екпін мен ырғақ сауалдары сияқты өзекті мәселелер талқыланды.

Адамның музыкаға ең негізгі және әмбебап реакцияларының бірі-бұл тартылу. Тыңдаушылар қашан музыкамен айналыса отырып, олар дыбыстарды мұқият қадағалап, естілетін нәрсемен байланысты [12].

Аспаптық музыканың халықтық терминологиясын талдаудағы елеулі жаңалық – этномузыкатану ғылымына сүйене дамыды, оның негізгі міндеті-күйлерді әдеттегідей еуропалық музыка ғылымының көзқарастарымен емес, керісінше қазақтың халықтық музыка мәдениетінің төл сипаттарын ұлттық көркемдік құндылықтарын ұлттық көркемдік құндылықтарын ескере отырып зерттеу болды. Халқының нағыз патриоттары қазақ өнеріне еңбегі сіңген ұлттымыздың тұңғыш аспаптанушы ғалым Болат Сарыбаев үлкен зерттеу

жұмыстарын жүргізгені туралы көпшілік өнер танушылардың әр уақыттада назарында [5; 10]. Музыкалық аспаптар этноархеологиялық және тарихи-этнографиялық тұрғыда зерделегенде олардың дыбыс шығару қасиетімен қоса халықтың болмыс-салтымен бірге қалыптасқан тұрмыстық құрал ретінде ерекшеліктері айқындалады. Олардың басым көпшілігі бастан музыкалық аспап ретінде емес, тұрмыстық деңгейде қолданылған құрал, бұйым ретінде пайда болған. Қазақ музыка өнерінің тарихи тамыры Қорқытқа дейінгі ғасырлар сілемінде жатқандығын материалдық мұралар айқындап отырғанымен, халық күйлерінің қай ғасырда туғандығын дәл айту қиын. Олар хатқа түспеген күйлер ұрпақтың құймақұлақ өкілдері арқылы бізге жетіп отыр [1; 16].

Еліміздің әртүрлі музейлерінің қорында 400-ден астам көне музыкалық аспаптары сақтаулы. Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары ұлттық құндылықтарымыздың жаңғыруына жаңа-серпін беріп, ән-күй өнерінің жаңа биікке көтерілуіне халық шеберлерінің жаңа толқыны батыл өз үлесін қосқан. Осындай азаматтардың бірі тәжірибелі шебер Сапарбек Ділманов. Ол 1989 жылы «Шерттер» кәсіпорнын ашып, ұлттық аспаптар шығарумен айналысты.

Сапарбек Әліұлының бастамасымен шеберлер домбыра, қобыздан бастап, шертпелі, ыспалы, үрмелі аспаптарды жаңғыртып жасады. Өнімдердің сапасы жоғары болуына мән берген кәсіпорын кәсіби мамандардың талаптарына сай 50-дан астам саз аспаптарын шығаруды жолға қойды. Жуырда Алматыдағы Ықылас атындағы саз аспаптар мұражайына Ділманов қолынан шыққан домбыраның бірнеше түрі, шерттер, прима қобыз, дабыл, сыбызғы, дауылпаз, шартылдақ, барлығы 17 аспаптың мұражайға тапсырылу рәсімінен кейін мұражай қызметкерлері әрбір аспапты таныстырып, ойнап көрсетті [9; 6].

Жаңа жәдігерлер ерекшелегі – олар құнды зат ретінде жай сөреде тұрып қана қоймай, мұражай оркестрінде пайдаланатын болады [8; 19].

Ықылас атындағы мұражайына аспап-

тар жиналуына үлкен үлес қосқан алматы мемлекеттік консерваториясының доценті Болат Шамғалиұлы Сарыбаевтың музей пәтеріне жиналған көне музыкалық аспаптарды жылдар бойы теңіз тұңғиығының түбінде жатып, бар асылын бар қасиетін құрсаулап сақтаған, маржанға теңеуге болады. Көнекөз аспаптарды іздеп тауып, оны қалпына келтіру жұмысы да теңіз маржанын терумен бірдей [14; 17].

Музей – пәтеріндегі баға жетпес асыл мүліктердің бірі-қазақ халқының домбырасы. Аспан иесі күйші – Дина Нұрпейісова. 1939 жылы Москваның үлкен театры сахнасында өткен орындаушылардың Бүкіл одақтық байқауына қатынасты. Сол домбыраны Б.Сарыбаев өз ұстазының көзіндей сақтап күй мұрасы ретінде музей-пәтерінің төріне қойды. Бұл қазақтың көне музыкалық аспаптарын жинау жұмыстарының алғашқы бастамасы болды. Б.Сарыбаев өз ұстазы Дина Нұрпейісованың сол домбырасын музейінің алғашқы экспонаттарының бірі етіп алды [4; 7].

Ұлттық музыкалық аспаптар дыбыс ерекшеліктеріне қарай топқа жіктеледі.

*1. Үрлеп тартылатындар:*

а) Флейталық: сыбызғы құрай-ысқыш, үшпелек, саз сырнай, үскірік, тастауық, ысқырауық;

б) Тростық: қамыс сырнай, қос-сырнай, қауырсын сырнай;

*2. Ішекті: шертіп ойналатын-жетіген, шертер, домбыра;*

*3. Қияқпен ойналатын – қыл қобыз;*

*4. Мембраналы: ұрып-ойналатын даңғыра, кепшік, дабыл, дудыға, дауылпаз, шыңдауыл;*

*5. Сым тілшелі: шаңқобыз;*

*6. Сілкіп ойналатындар: асатаяқ шың, сылдырмақтап қамшы қоңырау [18].*

Домбыра ХІ ғасырда қазақ халқының тұрмысында кеңтараған музыкалық аспап екі ішекті домбыра. Бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі аңыздарды сүйемелдеу үшін қолданылған енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі

аспаптардың қатарына қосылды.

Шертер – аспап ішекті аспаптар түріне жатады, үш ішекті шанағы жартылай бет қақпақ, жартылай өңделген көң терімен тартылған музыкалық аспап.

Адырна – қазақтың шертіп ойналатын аспаптарының бірі. Адырна-көне музыкалық аспап. Ол Оңтүстік Қазақстан жерінен табылған (Х ғ.)

Адырна құрылысы, ойнау әдісі жағынан көне арфаға ұқсайды. Оның шанағы арфаның шанағы секілді садақ кейіп те иіліп, көбінесе ағаштан жасалады, ішектер саны 10-16 дана, құлақ бұраулары арқылы нотаға сәйкес теңдірілді.

Жетіген – ең көне ішекті аспаптардың бірі. Қалай пайда болғандығы жөнінде ғылыми тұжырым жасалынбаған. Б.Сарыбаев зерттеуі бойынша «Жетіген» деген атау екі сөзден құралған жеті және ән. Яғни әндетуші немесе күй шертуші жеті ішек десе де болады. Қобыз-бұл аспапты бұрынғы кезде бақыстардың ұстағаны белгілі. Қазіргі қобыздың көптеген түрлері ыспалы музыкалық аспаптар тобына жатады. Олар: Қыл-қобыз – кішігірім, жалпы ұзындығы 600-650 мм шамасында. Нар қобыз ұзындығы 1000 мм шамасында қыл қобыздан көлемі үлкен. Келесі қобыздың түрі Жез қобыз. Оның жез қобыз аталу себебі, шанағы толық өңделген көң терімен қапталады, ішегі арнаулы темірден тағылады. 1945 жылы Алматы консерваториясында қазақтың халық аспаптары бөлімінің ашылуына байланысты музыкалық аспаптар шеберханасы ашылған. Бөлімді ұйымдастырушы А.Қ.Жұбанов екі, үш және төрт ішекті қобыз жасаушы шебер И.Романенкоға ұсыныс жасаған. Нәтижесінде қазақтың музыкалық аспаптарына Прима қобыз келіп қосылды [11].

**Қорытынды.** Қорытындылай келе халықтық музыкалық мұраны зерттеу мен шығармашылық өңдеуді игеру үшін музыкалық аспапта жақсы ойнай білу өте маңызды болып саналады. Музыканың қарапайым теориясын, үйлесімдігін, музыка түрлерін талдауда ұйқастығы мен импровизация дағдысын терең танып, білу де маңызды.

Осындай дағдылар арқылы студенттерді халық музыкасын таспаға жазу мен қайта өңдеуге арналған ноталық жазу мен қайта қарауға арналған ноталық әдебиеттермен таныстыру, аспаптық зерттелуімен шығу тарихы, сақталу жұмыстарымен таныстыру өте қолайлы және бұл осы жұмыстардың қалай іске асырылатындығынан хабар береді.

Музыкалық аспап, қазақ музыка тарихы дәрістерінен алған білімімен қаруланған студент жастар музыкалық фольклорлық ұжымдарды құру жолымен барлық фестивальдар мен шығармашылық көп курстарға қатысу арқылы халық шығармашылығын сақталуы мен насихатталуына байланысты мәселелерді шеше алады. Олар мемлекеттік, жалпы халықтық мәдениет ретінде Қазақстанның көпұлтты мәдениетін қалыптастыра алатын болады. Қазақ халқының музыкалық аспаптарын зерттеп, меңгерту арқылы оқушыларды, жастарды мәдени мұрамызды сақтап, жаңғыртуға және бағалауға ықпалын тигізері сөзсіз. Балалардың музыкалық аспапқа деген

қызығушылығын оятпай, оларды музыкаға баулу, эстетикалық тәрбие беру деу бос әурешілік. Ал музыкалық аспапты ұнату, оған қызықтыра отырып, сезімдерін ояту арқылы балаларға музыкалық аспаптың нағыз кереметтігін, кездесетін көркем үлгілерін, олардың шығу тарихын, ерекшеліктерін, ойнау тәсілдерін педагогикалық тұрғыда ұғындыру қажет [3; 15].

Өскелең ұрпаққа аспаптық музыканың тәрбиелік сипатын саралау орасан зор роль атқаратыны белгілі Мектепте қарапайым музыкалық аспаптарды қолдану, балалардың сол сабаққа деген ынтасын, сүйіспеншілігін, белсенділігін, жауапкершілігін арттырады. Олардың музыкалық қабілетін дамытуға, шығармашылық дербестігін қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Тәрбиелік мүмкіндіктері мол халық өнерімен қатар музыканың оқушыға әсер ететін балалар композиторларының әндерімен бірге музыкалық аспаппен ойналған күйлердің танымы мен сезіміне берер әсері мол.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

[1] Адамқұлов Н.М. Ұлттық музыкалық аспаптар дайындау технологиясы: технология, сәндік қолөнер, музыка, тарих, мәдениеттану және сызу маман, арналған оқу құралы 2-бөлім. /Н.М. Адамқұлов.–Алматы: CyberSmith. 2017. – 332 б.

[2] Алғазы Г. Қазақтың көне аспаптары-бабалар үні //Мектептегі кітапхана. – 2016. – №1. – 32 б.

[3] Алжейкина Г.В. Музыкальные исполнительство и педагогика (оркестровые духовые и ударные инструменты) / Учебное пособие.– Чебоксары, 2017.

[4] Амрахова А.А. Философия науки и искусства /Учебное пособие.– Нижний Новгород, 2017.

[5] Бодина Е.А. Музыкальная педагогика и педагогика искусства концепций XXI века. //Учебник.– Москва, 2017.

[6] Голешевич Б.О. Педагогика музыкальных эвристик. – Могилев, 2017.

[7] Жанабаева Р.К. Музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі пәніне арналған шығармалар (хорды дирижерлау, музыкалық аспап): Оқу құралы /Жанабаева Р.К., Фаттахова Н.Т. – Шымкент: ОҚМУ, 2017. – 114 с

[8] Имамбаева Д. Мұражай қорына жаңа аспаптар қосылды //Мәдениет. – 2018. – №2. – 56 б.

[9] Заволжанская И.Ю. Обучение игре по слуху как проблема музыкальной педагогики: история и современность. Управление социально-экономическими системами; проблемы, закономерности, перспективы. Монография. – Пенза, 2017. – с.229-237.

[10] Камышникова С.В. Цветовое моделирование музыки в вузовской музыкальной педагогике // Вопросы музыкальной синестетики: история теория, практика. – Новосибирск, 2018. – с.133-137

[11] Мерекебайұлы А.Н. Ұлттық музыкалық аспаптар дайындау. – Алматы, 2017. – 82 б.

[12] Madsen G., Margulis E.H., Simchy-Gross R., Parra L. Music synchronizes brainwaves across listeners with strong effects of repetition, familiarity and training. // Scientific reports (2019) 9:3576. <https://doi.org/10.1038/41598-019-40254-w>

- [13] Мукеева Н.Е., Ербулатова А.К., Методика преподавания музыкального искусства /Учебное пособие – Актобе, 2017. – 159 с.
- [14] Мергалиев Д.М. Фольклорные традиции в искусстве Казахстана; Монография /Д.М.Мергалиев. – Алматы: Эверо, 2016. – 136с.
- [15] Мергалиев Д.М. Традиции-душа народа/ Национальные музыкальные инструменты: Монография.– Д.М. Мергалиев, Л.И.Нехвядович, Т.Б.Каримов, К.А.Мелехова, А.Г. Степанская. – Алматы: Эверо, 2016. – 124 с.
- [16] Орлова А.О., Кушаков А.Н., Зорин В.В., Худатова З.А. Музыкальное искусство в структуре современных образовательных технологий. // Сфера знаний в вопросах культуры, науки и образования: Сборник научных трудов. – Казань, 2018. – с.37-40.
- [17] Останина С.А. Музыкальная педагогика в общеобразовательных учреждениях /Учебно-методическое пособие. – Петрозаводск, 2017.
- [18] Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы, 2016. – 58 б.
- [19] Торопова А.В. Музыкальная психология музыкального образования // Учебник. – Москва, 2018.
- [20] Цыпин Г.М. Музыкальное исполнительство, исполнитель и техника // Учебник. – Москва, 2017.

#### *References*

- [1] Adamov N. M.Ulttyk musically asapter, gayindo technologies: technology, SNDK olner, music, history, and drawing denatran Maman, arnala excellent Aly/n. M. Adamow.– Almaty: CyberSmith.-2017. 2-bolim.-332b.
- [2] G. Lazy Kazakh CNE saptari-Babalar uni // Metatag stapana. –2016. – №1. – 32b.
- [3] Alzheikina G. V. Musical performance and pedagogy(orchestral wind and percussion instruments) /Tutorial.– Cheboksary, 2017.
- [4] Amrakhova A. A. Philosophy of science and art / Tutorial.– Nizhny Novgorod, 2017.
- [5] Bodina E. A. Musical pedagogy and pedagogy of art concepts of the XXI century/ Tutorial. – Moscow, 2017.
- [6] Kaleshevich B. O. Pedagogy of musical heuristics. – Mogilev, 2017.
- [7] Zhanabayeva R. K. Music man horendously Seberg pnne aralen siirala (chords, dirigere, musically aspap): owely/ Zhanabayev R. K.,Fattakhova N. T.-Shymkent: OМУ, 2017 - 114 with
- [8] Imanbaeva D. Mray arena the new apapter acildi // Madeniet.– 2018. – №2. – 56b.
- [9] Tavolzhansky I. Y. Learning to play by ear as a problem of music pedagogy; history and modernity. In the book; Management of socio-economic systems; problems, patterns, prospects. Monograph. – Penza, 2017.– p.229-237.
- [10] Kamyshnikova S. V. Color modelling music undergraduate music pedagogy. In the collection : Questions of musical synesthetics; history, theory, practice . – Novosibirsk, 2018. – p.133-137
- [11] Mercenary A. N. Ulttyk musically asapter, gayindo. – Almaty, 2017. – 82 b.
- [12] Madsen G., Margulis E. H., Simchy-Gross R.,Parra L. Music synchronizes brainwaves across listeners with strong effects of repetition, familiarity and training.//Scientific reports (2019) 9:3576. [https://doi.org/ 10.1038/41598-019-40254-w](https://doi.org/10.1038/41598-019-40254-w)
- [13] Mukееva N. E., Esbulatova A. K., Methods of teaching of musical art-tutorial // Mokeeva N. E.Esbulatova A. K.– Aktobe, 2017.– 159 с.
- [14] Mergaliev D. M. Folk traditions in art of Kazakhstan.Monograph/ D. M. Ergaliev. – Almaty: Evero, 2016. –136 с.
- [15] Mergaliev D. M. Tradition is the soul of the people/ National musical instruments.Monograph /D. M. Ergaliev, L. I. Nekhvyadovich, T. B. Karimov, K. A. Melehova, A. G. Stepanskaya.– Almaty:Evero, 2016.– 124 s.
- [16] Orlov A.O., Kushakov A. N., Zorin V. V., Hudecova Z.A. the Musical art in the structure of modern educational technologies. The Scope of knowledge in culture, science and education collection of scientific papers.– Kazan, 2018. – C. 37-40.
- [17] Ostanin S. A. Music pedagogy in educational institutions.– Petrozavodsk, 2017.
- [18] Sarybayev. B. Kazakh musically saptari. – Almaty, 2016. – 58 b.
- [19] Toropova A.V. Musical psychology of music education/ Textbook.– Moscow, 2018.
- [20] Tsyпин G. M. Musical performance, the performer and the technician./ Textbook. – Moscow, 2017.

**Изучение древних музыкальных инструментов народа великой степи и их сохранение в музее**

*Арипбаева Л.Ш.<sup>1</sup>, Жанабаяева Р.К.<sup>1</sup>, Жайлымысова Г.А.<sup>1</sup>, Асембаева Ш.Д.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Южно-Казахстанский государственный университет имени М.Ауэзова (Шымкент, Казахстан)

*Аннотация*

В данной статье говорится о том, что изучение, сбор, разделение на группы, обработка, реставрация древних национальных музыкальных инструментов имеет большое практическое значение с чистым познавательным подходом. Было рассмотрено тщательное изучение музыкальных инструментов, хранение в музее поможет создать более усовершенствованные новые инструменты, а такие инструменты особенно востребованы нашими солистами, коллективами и кружками художественной самодеятельности, рассматривались в рамках таких проблем, как совершенствование забытых инструментов и формирование школы, все больше совершенствовать свои особенности игры на инструментах. Для того, чтобы исследовать эти проблемы в научном канале, необходимо в совершенстве знать историю своего народа в древние времена. Речь идет о изучении трактатов средних ученых, относящихся к теории музыки, а также источников древнейших времен национальной музыки. Целью краткой работы является создание общего видения деятельности культуры традиционных народных инструментов с целью воспитания студентов к общей и музыкальной культуре. Статья посвящена студентам факультетов музыкального образования при педагогических высших учебных заведениях.

*Ключевые слова:* музыкальный инструмент; исследование; этнография; кюй; музей; звук.

**The study of ancient musical instruments of the people of the great steppe and their preservation in the museum**

*Aripbaeva L.Sh.<sup>1</sup>, Zhanabaeva P.K.<sup>1</sup>, Zhailymysova G.A.<sup>1</sup>, Asembaeva Sh. D.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> South Kazakhstan state University named after M.Auezov (Shymkent, Kazakhstan)

*Abstract*

This article says that the study, collection, division into groups, processing, restoration of ancient national musical instruments is of great practical importance with a pure cognitive approach. A careful study of musical instruments was considered, storage in the Museum will help to create more advanced new instruments, and such instruments are especially in demand by our soloists, collectives and Amateur clubs, were considered within the framework of such problems as the improvement of forgotten instruments and the formation of the school, to improve increasingly their features of playing instruments. In order to explore these problems in the scientific channel, it is necessary to know the history of his people in ancient times. We are talking about the study of treatises of middle scientists related to the theory of music, as well as sources of ancient times of national music. The purpose of the brief work is to create a common vision of the culture of traditional folk instruments in order to educate students to the General and musical culture. The article is devoted to the students of the faculties of music education at pedagogical higher educational institutions.

*Keywords:* musical instrument; research; Ethnography; kui; Museum; sound.

*Редакцияға 23.05.2019. қабылданды.*

ҒТАМИ 18.01.33

*Ж.С.РЫСКЕЛДИН<sup>1</sup>, Т.Х.АЛИЕВ<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті  
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

**СУРЕТШІ ЖӘНЕ ДИЗАЙНЕР**

*Андатпа*

Дизайнда клиенттің міндеттерін шешу үшін ең маңыздысы суретшілер қолданатын талант пен шабыт, прагматизм, стандарттары емес, шешімдерді табу қабілеті. Дизайнердің жұмысы оның ішкі көрінісі және



мақсатсыз безендіру ретінде қабылданбауы керек, өйткені дизайнер — суретші емес, ол қандай да бір өнімді жобалайтын және рәсімдейтін өнертапқыш.

Сонымен, дизайнер деген кім деген сұраққа толығымен жауап беретін болсақ, жоғарыда айтып кеткендей, ол белгілі бір шектеулер шеңберінде клиенттің нақты міндеттерін шешуші, болмаса, қандай да бір адамдардың қажеттілігін немесе жаңа бейнелерді жобалаушы десек қателеспейміз. Суретшілер, әсемдік пен сұлулықты өз ойлары мен тұжырымдамалары арқылы және өмірге деген философиялық көзқарастары тұрғысынан көрермендеріне жеткізер болса, дизайнерлер ыңғайлылықты, әсемдікті, беріктілікті адамдардың сұраныстарына қарай жобалап, өзінің барлық ой қаблетін жұмсай отырып, оны іске асырады.

*Түйін сөздер:* суретші, дизайнер, дизайн жоба, безендіру, визуализация, форма, көркем шығармашылық, сұлулық, техника, технология.

Қазіргі таңда жаңа технологиялары мен өнер білімі қарыштап дамыған елдермен үзеңгілес болу үшін жердің табиғи байлығы емес оның бәсекелік қабілетімен ғана қол жеткізуге болады. Осы орайда елбасы Н. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасында – жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатынын бағдарламаның бірінші бағытында ашып көрсетті [1].

Ендеше бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін біз халқымыздың білім мен өнерге деген қабілетін арттыру шарт.

Еліміздің егемендік алған жылдан бастап барлық салада, өнер мен білімде көш ілгері жылжығанын білеміз. «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына дамыту бағдарламасы болып табылады. Соның ішінде дизайн саласы айтарлықтай жетістіктерге жетті. Қазір дизайн мамандығын елімізде көптеген ЖОО дайындайды. ЖОО дизайн мамандығын бітіруші түлектер 70-80 пайызға жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болып отыр. Бұл деген осы мамандыққа елімізде сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. Дегенмен, тапсырыс беруші мен дизайнер мамандарының арасында кейбір түсініктерді әлі де пысықтау керек сияқты. Соған байланысты осы тақырып төңірегінде біраз анықтамалар мен тұжырымдама жасау керек сияқты.

Суретші қызметінің нәтижесі – өнер туындысы. Оның міндеттері ағартушылық сипатқа ие боғанымен, оларға ешқандай шектеулер қойылмаған. Әдетте, бұл өз

заманының және ішкі «мен» бейнесін ашуға бағытталған. Ал дизайнер қызметінің нәтижесі – белгілі бір шектеулер шеңберінде клиенттің нақты міндеттерін шешу. Әдетте, бұл өнім (немесе орта) жасау, оның тұтыну және сату қасиеттерін, сондай-ақ олардың сапасын жақсартуды ұйымдастыру.

Егер суретші өз міндеттерін шешу кезінде шығармашылықты басшылыққа алса, дизайнер салқынқандылықпен есепке жүгінетін болады. Ал, бұл екі мамандықты бір-бірімен байланыстыратын нәрселер – көркем әдістерді пайдалану, пішін іздеу және түспен жұмыс істеу.

Дизайнер ойлау мен үдерісті визуализациялаудың көркем әдістерін пайдаланады, бірақ суретшілерден айырмашылығы, шешуші сәтте өз көзқарастарын ұсынбайды, олар клиенттің проблемаларын шешеді. Дизайнер керек кезде табысты әрекетке ымырашылықпен де жете алады. Дизайн-жоба – ол тек өнер ғана емес, ол табыс және шынайы сапа өлшемі бар маңызды мәселені шешу деседе болады.

Дизайнда клиенттің міндеттерін шешу үшін ең маңыздысы суретшілер қолданатын талант пен шабыт, прагматизм, стандарттары емес, шешімдерді табу қабілеті. Дизайнердің жұмысы оның ішкі көрінісі және мақсатсыз безендіру ретінде қабылданбауы керек, өйткені дизайнер – суретші емес, ол қандай да бір өнімді жобалайтын және рәсімдейтін өнертапқыш [3].

Біздің елімізде дизайнды тек безендіру ретінде қабылдауға үйренген. Сондықтан клиенттерге уақыт өте келе кенепте майлы бояумен сурет салу мен жұмысқа қабілетті ақпараттық жүйені (ол плакат немесе интерфейс болсын) құру арасындағы

айырмашылықты түсіндіруге тура келеді. Дизайнердің жұмысы белгілі бір міндеттерді шешуге бағытталған екі бөліктен – жобалау мен безендіруден тұрады.

Жобаның әзірленуін безендіруден, яғни формамен, түспен және баспа технологиясымен бастауға болмайды. Пішіннің жобалық конструкциясын функциялық қаблеті мен оны іске асыру мақсатын есте сақтау маңызды. Сондықтан, бірінші кезекте, өнімнің маңызды аспектілеріне, функциялары мен міндеттерін ұйымдастыру, оның пайдаланушымен өзара әрекеттесуін жобалау, оны түсінікті және ыңғайлы ету қажеттілігі. Содан кейін ғана өнімнің тартымдылығы мен эстетикасына көңіл бөлу, оның бөлшектері мен сыртқы түрін пысықтау керек.

Көп жағдайда тапсырыс беруші мұны түсіне бермейді (ол үшін дизайнер – суретші) және де сол себепті тапсырманы дұрыс ұйымдастырмайды. Нәтижесінде, ол өміршең шешім емес, сырты жылтыр макетке ие болады десек те болады. Бірақ біз, бұған тапсырыс берушіге өзінің қызметі не екенін түсіндіруге ниеттенбеген дизайнер кінәлі деп есептейміз.

Дизайнерге еңбекақыны балалар кітабын безендіру үшін ғана емес, оған тауарларды сату үшін де төлейді. Бұл коммерциялық дизайн.

Дизайнды өнерге жатқызуға бола ма? Өз ой-пікірлерімді жеткізе отырып, біздің қызметімізде, болашақ пайдаланушының қандай да бір міндетін шешуі тұр деп айтқым келеді. Пайдаланушысыз міндет те болмас еді, демек дизайн да болмас еді. Біз шығармашылығымызды дизайн үшін емес, адамдар үшін қолданатынымызды естен шығармаймыз.

Дизайн – бұл жобалау, мұндағы өлшемдердің бірі – көркемдік болып табылады. Әдетте, суретші өз шығармасын ішкі түйсігімен жасайтын болса, дизайнерлер логикаға сүйенеді. Дизайнерлерді оқыту кезінде суреке көп көңіл бөлу қажет. Дизайнда жоба алдында болашақ бұйымға қойылатын талаптарды сипаттайтын техникалық тап-

сырма беріледі: өндірісте-бұл нақты тапсырыс болса, оқу процесі жағдайында – бұл педагог берген тапсырма, бірақ басқа да жеке шығармашылықты жоққа шығармайды, алайда оған белгілі бір шектеулер қойылады. Дизайнер өз жобасының техникалық тапсырмасымен және басқа дизайнерлердің жұмыстарындағы осы жобаның дәстүрлі немесе қазіргі заманғы түсіндіруімен шектеледі, ал қалған жағдайда ол кез келген суретші сияқты шығармашылық тұлға [2].

Жалпы, суретшінің де, дизайнердің де жұмысы көркем шығармашылық болып табылады. Шығармашылық бастауды дамыту және өз мамандығының негізгі заңдылықтары мен ережелерін білу әрбір болашақ маманның, дизайнер немесе суретші болсын, олардың жақсы дайындығының негізі болып табылады. Түс мәдениетін көп жылдық тәрбиелеу сурет пен практикалық сабақтарда суретшілерді дайындауға тән. Бұл жерде субъективті түсті және үйлесімді түстерді тәжірибелі жолмен іздеу түс пен теорияға объективті қатынастан басым болады. Дизайнерлерді дайындау үшін түспен жұмыс істеуге қатысты, керісінше, теорияның практикадан басым болуы тән. Мұнда түс тану рөлін түс туралы объективті оқу ретінде бағаламауға болмайды. Дизайндың инженерлік және эстетикалық жақтарының тепе-теңдігі дизайнерді қалыптастыруда маңызды міндет. Ойлау мен шығармашылық қиялдың логикалық формасы арасындағы тепе-теңдік, ол адамның ақыл-ойы мен сезімінің дамуының қорытындысы болып табылады, бұл ғылым мен өнер арасындағы тепе-теңдік, демек бұл дизайнердің білімінде бір жағынан физика мен математика арасындағы тепе-теңдік ретінде, екінші жағынан сурет пен бейне болып табылады. Осылайша, суретшілер мен дизайнерлердің шығармашылық процессінің жалпы көп болуына қарамастан, кәсіби қызметінің ерекшеліктерінен туындайтын білім берудің әртүрлі тәсілдерін талап ететін принципті айырмашылықтар да бар.

Сурет пен дизайндағы «түс» – бұл екі мамандықты бір бірімен байланыстыратын ортақ ұғым. Суретші мен дизайнер

колданатын түстердің түрлі аспектілерін қарастырып көрейік. ХХ ғасырдың басы көркем шығармаларды жасауға және суретшінің шығармашылық ойлауының жаңа жүйесін іздеу саласында революциялық өзгерістер болды. Олар Германияда Баухауз мектебінде, сондай-ақ Кеңес Ресейдің ВХУТЕМАС-та (ВХУТЕИН-де) және ГИНХУК-да жүргізілді. Орыс авангардының көрнекті өкілдері В.В. Кандинский, К.С. Малевич, М.В. Матюшин және т.б. көркем шығармашылықтың жаңа жақтарын зерттеумен айналысты. [5]

Сурет пен дизайндағы түс тануының арасындағы тепе-теңдік – бұл түстің субъективті қабылдауының және оның объективті заңдарының тепе-теңдігі. Түстің тиімді тәсілі – дизайнерлердің де, суретшілердің де қызметтерінде оны қолданудың негізгі ерекшелігі.

Түстерді көркем шығармашылық бұрышымен ғана емес, физика, физиология, тарихи қалыптасқан символика тұрғысынан да зерттеу суретшілердің де, дизайнерлердің де тәжірибесіне айтарлықтай әсер етті. Түстерді түйсікпен қабылдау біздің көруімізге қарағанда әлдеқайда тереңірек.

Біз түсті саналы да, танымсыз да қабылдаймыз, және негізінен оған суретшілерде, дизайнерлерде қолданатынын болжаймыз. Түстер адам сезімдерінің барлық спектрін – үлкен қуаныш пен қасіретке дейінгі сезімді білдіреді. Олар тыныштандырудан тітіркенуге дейінгі физикалық сезімдерді тудырады. Жұмысы түспен байланысты кез келген кәсіби маман оның қасиеттерін зерттеуге тырысу керек және өзінің туындыларына кез келген түстің енгізілуіне үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Түс бізге психологиялық, физиологиялық жағынан әсер етіп қана қоймай, белгілі бір символдық мән мәтінде де қабылданады, сонымен қатар оның боялуына байланысты үйреншікті форманы жаңаша көруге мәжбүрлейді.

Түс бізге әртүрлі статикалық және динамикалық күйде көрінеді, оның қоршаған ортасына әсер етеді және әртүрлі қоршаған ортаның әсерінен өзгереді..

Адамзат әр облыста өз тарихы барысын-

да бір – бірін жақсы түсінуге, дәстүрлерді сақтауға, білімнің сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін объективті заңдар шығарды. Түстерді қабылдаудың объективті заңдылықтары бүгін суретшілер мен дизайнерлер үшін «Түстану» пәні бойынша дәрістерде оқылады. Объективті түс заңдарын білу суретші үшін де, дизайнер үшін де қажет. Көптеген суретшілер логикалық құрылған жүйе суретшілерде пайда болатын түспен байланысты барлық мәселелерді шеше алатынына күмәнмен қарайды.

«Баухауза» педагогы И. Иттен өзінің түсті шеңберлері мен үшбұрыштарын жасай отырып, тырысатын негізгі үрдістерді жалпылама сипаттауға болады деп шешті. Түстің объективті заңдарын білуге құрылған интуитивті табылған түстік үйлесімі мен тәртіптің теңдігін, олардың әр нақты адамның таланты мен біліміне байланысты субъективті болатын интеллект балансы мен сұлулық сезімін ескере отырып жасалса ғана тануға болады. Осылайша, түстің барлық аспектілерін білу: физикалық, символдық, физиологиялық т.б., суретшілер үшін де, дизайнерлер үшін де маңызды, тек суретшілер ұзақ тәжірибемен интуитивті түрде, ал дизайнерлер – теория арқылы: түс тану, сұраныс ұсыныстарын зерттеу т.б. болып табылады. Сурет пен түстерді зерттейтін түстердің объективті заңдарын білу, кәсіби қызметтің табысты кепілі болып табылады.

Тарихи тұрғыдан суретшінің тәрбиесіне екі негізгі тәсіл қалыптасты. *Олардың бірі* – академиялық тәсіл, ол жалпыға танылған, шынайы суреттің классикалық үлгілері бар, көшіру және еліктеу оқытудың негізі болып табылады. *Екінші тәсіл* – нақты шебер суретші, оны ол өз шеберханасында пайдалануды қажет деп санайды. Әдетте, оқушы бұл шебердің көмекшісі болып табылады, олар тапсырыс жұмыстарын орындауға көмектесіп, сурет өнерін меңгереді. Мұғалімнің тұтас үлгісі мен техникасына еліктей отырып, ол суретші ретінде ұстазына ұқсас болады, олардың ең үздігі өз суреттерінің жекелеген тұстарын жазуға қаблетті болады және көрермендері

шебердің қолын оның оқушыларынан оңайлықпен ажырата алмайтын болады.

Суретші – бұл тұлға, адам туралы, оның өмірін қабылдау, идеялармен және ойлармен жұмыс істеу. Дизайнер – бұл қолөнер туралы, тұлғаның өзін-өзі тануы туралы мамандық. Екі жағдайда да біз адамның шығармашылық табиғатымен жұмыс істейміз, оған әр түрлі акценттер қоямыз.

Design, art, «техника», «машина», «өнер» сөздері тығыз байланысқа ие: олардың барлығы әлемге қатысты бір позицияға тамырымен терең бойлайды, бірақ әртүрлі тарихи кезеңдерде бір-біріне әртүрлі позицияларды атқарды. Мысалы, өнеркәсіптік революция кезеңінде өнер әлемі машиналар әлеміне қарсы тұрды және дизайн осы қайшылықтарды жеңу барысында қолданылатын құралы ретінде пайда болды [4].

Бүгінгі таңда «дизайн» терминімен ойлаудың екі саласын: ғылыми, техникалық және сандық бағалау, көркемдік, сапалық қиылысу нүктесін белгіледі.

Еуропалық білім беру жүйесі объективті айырмашылықтарды ескереді және бұл ұстанымдарды креативті мамандарды даярлау бағдарламаларында біріктіреді. Ұлыбритания, Франция, Германия, Польша жоғары оқу орындарының көпшілігінде «Artist» – суретшісі дамып келеді. Креативті маманның құзыреттілігін дамыту нақты мамандық аясында емес, қазіргі заманғы жаһандық мәдениеттің дискурсы аясында жүзеге асырылады.

Француздық құрылымдар өмір туралы түсініктердің сәйкессіздігінен туындаған қоғамның қайшылықтары және шындығында бар деген пікірлерді әртүрлі мифтерді пайдаланумен оңай жеңіп келеді.

